



МІНБЕР

ТӘУЕЛСІЗДІК –



БАҒАСЫЗ БАЙЛЫҚ

Тәуелсіз мемлекетіміз, өз еліміздің басшысы болса екен дедік! Бірақ бұл мүмкін емес деп те ойладық. Тәуелсіздікті аңсағанымыз соншалық, Алматының сонау «Орбита» деген шағынауданында тұрып, қаланың бір шетіндегі 12-мектепке баламызды бердік. Сонда мұғалімдер: «Не деген ақымақ адамсың. Баланы сонау жактан қинап мұнда әкелгеніңіз не? Сол жактағы орыс мектебіне бермедіңіз бе?» — деп ақыл айтқандар болды. Мен «Ең соңғы қазақ менің балам болып қалсын — деп әкелдім» — дедім. Шын мәнінде мен солай ойлаймын. Тәуелсіздік үшін, осы елдігіміздің мәңгілігі үшін кереғар дүниенің бәрін тежей беру керек. Тәуелсіздікке зар болып отырған халық көп. Бірақ кейбірінде мүмкіндік жоқ. Ал заман сол мүмкіндікті өзі әкеледі екен. Егемендік бізге солай келді. Тәуелсіздікті көргенім үшін Аллаға мың мәрте шүкіршілік айтамын. Өйткені, осы тәуелсіздікті біз көрмей өліп кетуіміз мүмкін еді. Көрдік. Егемендік біздің шын күткен бақытымыз. Ал осы тәуелсіздікті жастар да жаман бағаламайды. Өйткені, тәуелсіз елдің ұрпағы

болудан асқан бақыт жоқ. Олардың қолынан бәрі келеді. Баратын жеріне аяғы жетеді. Оқимын десе, оқуы дайын. Киетін киім, ішетін тамаққа да зар емес. Осының бәрі бостандықтың арқасында келген байлық.

Рухани жаңғыру деген өте қажет дүние, меніңше. Рухани жаңғыру — адам арын тазалау деген сөз. Ол үшін тегінді білуін керек. «Код» деп айтып жүргеніміз — сол тек. Білік қазақтың тегінен айырылып қалғанын біліп, осы рухани жаңғыру деген бағдарламаны жасап отыр. Кеш те болса, қолға алынған жақсы дүние.

Елбасы быыл Дулат Исабеков, Смағұл Елубай үшеуімізді қабылдады. Сонда «Орбұлақ шайқасы» туралы айттым. Президентіміз айтқан нағыз рухани жаңғыру — осы тарихи шайқас. Келер жылы «Орбұлақ шайқасының» жеңісіне 375 жыл толады. Соны атап өтетін болдық, осы бағдарламаның аясында. «Орбұлақ шайқасы» өткен жерді біз «Панфилов ауданы» деп атаймыз. Осында бір топ Жаркент өңірінің азаматтары мен зиялы қауым өкілі ақылдасып «Панфилов ауданының атын

«Орбұлақ ауданы» деп атасак» — деген ұсыныс жасалық. Елбасыға оны да жеткіздім. Бұл енді уақыт еншісіндегі іс.

Ел сүйгіштік, отаншылдық сезім деген бар. Өзінің отбасын тастап, бала шағасын жәудіретіп тастап кеткен адам, ертең елін де сатып кете береді. Осыны бір жерде айтып едім, көп адамға ұнамады. Отбасына жақсылығы жетпеген кісі Отанға жақсылық жасай алмайды ғой. Бұл — ақиқат.

«Отан оттан ыстық» — деп жүр журналистер. Қате сөз. Оны білместер айтады. Отан оттан ыстық емес. Отанды құшақтай алмайсың. Қойнына жата алмайсың. Ол ұлы ұғым. «Отан отбасынан басталады» деген дұрыс. Әйелінді сыйла, бала-шағанды тәрбиеле. Бұл — міндетін. Кім болсаң да, өмірге адам болып келгендегі басты міндетін — сол. Осыған әр отбасы көнсе, бәрі тамаша болар еді. Одан ұлт та, ұрпақ та жаман болмайды.

Бексұлтан НҰРЖЕКЕЕВ,
жазушы, Мемлекеттік
сыйлықтың иегері

ҚУАН, ҚАЗАҚ!

Қуан, қазақ, күн туды қуанатын!
Ендіктерді аралап еркін дүбір,
Алаулатты керемет көркіңді нұр.
Алақайлап аспанға атып тұрып,
Берекелі бастағы бөркіңді бір...

Қуан, қазақ!
Күн туды қуанатын!
Қазақ елі азат,
Қазақ жері азат,
Қазақ ері азат,
Бұдан нұрлы шақ бар ма?
Бұдан асар бақ бар ма?

Қуан, қазақ!
Күн туды қуанатын!
Әдіптеді арманды әуелгі үміт,
Кекете алмас қазақты жау ел күліп...
Тәуелсіздік туындай биік еңсең,
Кетті бүгін келмеске тәуелділік...

Төрт түліктен майысып арқа, белдер,
Тойлап жатыр ой, қырда дарқан ерлер...
Танып жатыр, мойындап Қазақ Елін
Танығысы келмейтін тарпаң елдер...

Базарбай ИСАЕВ, ақын



РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Мәдени мұраны сақтау, мәдениет пен білім беру саласын дамыту — ұлттық сәйкестік пен мемлекеттіліктің, қазіргі әлем төрінен еліміздің лайықты орын алуының алғышарты. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының — басты идеясы да осы.

ЖАҢҒЫРУ МЕН ЖАҢАРУ



(Жалғасы 3-бетте)



БИРЖАМЕТР



МҰНАЙ (brent)
62,57



DOLLAR
334,92



EURO
395,88

АЛТЫН (ун.)
1258,40



АРТЫҚШЫЛЫҚТАР ӘЛЕМІ

Бізді таңдап, 10 жыл бойы қолдау көрсеткендеріңіз үшін алғысымызды білдіреміз.

nomad club



БИЛІК

Елбасы Қазақстанның Бас мүфтиі Серікбай қажы Оразды қабылдады. Кездесу барысында Нұрсұлтан Назарбаев Серікбай қажы Оразды Қазақстанның Бас мүфтиі лауазымына сайлануымен құттықтады.

Мемлекет басшысы «Тәуелсіздіктің арқасында дәстүрімізді қайта жаңғыртып, ата-бабамыздың дінін ұстану мүмкіндігіне ие болдық. Мемлекет тарапынан кез келген азаматтың діни бостандығын қамтамасыз ету үшін барлық жағдай жасалды», — деді. Сондай-ақ Елбасы дін істері және азаматтық қоғам министрлігі арқылы діни қатынастар саласын

өкілдерімен биылғы сәуірдегі кездесуіне тоқталып, онда сананы жаңғыртып, еліміздің тарихи және рухани байлығын сақтау қажеттігі талқыланғанын атап өтті. Мемлекет басшысы «Патриотизм, отанды сүйу, еліміздегі және өңірдегі тұрақтылық — біздің болашағымыздың кепілі. Сол үшін біз бірлесе жұмыс істеуіміз керек», — деді.

пиғыллы діни ағымнан айырмашылығын түсіндіру үшін Құран мен хадисті білетін білікті имамды тарту қажеттігі айтылды. Елбасы мұқтаж жандарға әлеуметтік көмек көрсету үшін ғана емес, сондай-ақ ғылыми-зерттеу мен конференция өткізіп, ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізу үшін де меценаттықты дамытудың маңыздылығын атап өтті. Қазақстанның Бас мүфтиі өзін қабылдағаны үшін мемлекет басшысына алғысын білдірді. Серікбай қажы Ораз «Қазақстан Мұсылмандары діни



ТҰРАҚТЫЛЫҚ – БОЛАШАҒЫМЫЗДЫҢ КЕПІЛІ

реттеуде мемлекет ерекше рөл атқаратынын айтты. Н.Назарбаев «Қазақстан — зайырлы мемлекет. Министрлік дінге қандай да бір шектеу қою үшін құрылған жоқ. Министрлік дін саласында тәртіп орнатып, дін жолындағы адамдар бір-бірінің құқығын бұзбауын қамтамасыз ету үшін құрылған», — деп атап өтті.

Қазақстан Президенті әзірленіп жатқан діни қызмет туралы заңның негізгі ережесін кең ауқымда түсіндіріп, халыққа жеткізу жөнінде бірлесе жұмыс жүргізудің қажеттігіне назар аударды.

Бұдан бөлек, Елбасы Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының

Н.Назарбаев Қазақстан мұсылмандары үшін ханафи мәзһабының дәстүрлі сипатына назар аударып, бұл ағымның мәнін ұғындыру қажеттігін айтты. Елбасы «Дін жолындағы адамдардың арасында жастар да бар. Мешіттерге сән үшін баратындар да бар, шалбарының балағын қысқартып, сақал қойған діндар да бар. Солардың бәріне ислам дінінің негізін түсіндіру керек», — деді. Сонымен бірге радикалды діни ағымды ұстанушылармен арнайы түсіндіру жұмысын жүргізу қажеттігіне назар аударды. Дәстүрлі ханафи мәзһабының қағидасын және оның теріс

басқармасының алдында тарихи тұрғыдан қалыптасқан дәстүрлі діни мектепті қайта жаңғыртуға байланысты үлкен міндет тұр. Сіз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаланызда жана үрдіс пен әлемдегі өзгеріске бет буру қажеттігі туралы айттыңыз. Бүгінде біздің имамдар жаңа әдебиетті зерттеп, уағыз айту мен мінезат ету барысында осы білімін қолдануда», — деді.

Кездесу соңында Нұрсұлтан Назарбаев пен Серікбай қажы Ораз еліміздегі діни білім беру мәселесін талқылады.

(Өз тілшіміз)

Марапат

Жыл соңында әдеттегідей Елорда төрінде алқалы жиын көп өтеді. Соның бірі — яғни кеше өз кәсібінің үздігіне айналған әскерилер, дәрігерлер, ұстаздар, өрт

«Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласында негізгі міндеттердің бірі ретінде «Туған жер» бағдарламасы көрсетілген болатын. Осы туған жер бағдарламасы ұлттық патриотизмнің нағыз өзегіне айналды деп айтуға болады» — дейді.



сөндірушілер, спортшылар мен қайраткерлер марапатталды. «Туған жер! Туған тіл! Туған ел!» патриоттар форумы аясында 30 маманға «Жыл патриоты» құрмет белгісі табысталды. Үздіктер «Туған жерім — ғұмырым», «Туған тілім — туғырым», «Туған өлім — қыдырым» деген атауға ие үш номинация бойынша анықталған.

Астанада өткен салтанатты жиынға еліміздің барлық өңірінен 200-ден астам делегат қатысты. «Жыл патриоты» құрмет белгісінің иегері Руслан Кенжебеков

Ақжолтай

«Қасиетті Қазақстан» картасына енген киелі жерлер туралы бірнеше көркем

және деректі фильм түсірілетін болды. Картина әлемнің 6 тілінде, халықаралық деңгейдегі бірнеше телеарнадан көрсетіледі. Бұл туралы Астанада өткен «Мирас»

ҰЛТТЫҚ ПАТРИОТИЗМНІҢ ӨЗЕГІ

Жиынға қатысушы Мартагүл Қанатованың айтуынша, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру аясында еліміздің, ұлтымыздың құндылықтарын арттыру мақсатында барлық өңірде көптеген жұмыс жүргізіліп жатыр. Ол бұл жиынды сапалы қызмет етіп жүрген азаматтардың бірегей басқосуы деп бағалады.

Ол «Қазақстанның киелі жерлері туралы фильмдерді түсіруге бүгінгі таңда министрлік аса зор көңіл бөліп отыр. Еліміз бен шетелде көрсетуге арналған бірнеше фильм түсірілді. Соның ішінде 4 фильм өндірісте. Осы 4

АЛТЫ ТІЛДЕ СӨЙЛЕЙДІ



республикалық кеңесінің отырысында мәдениет және спорт вице-министрі Ақтоты Райымқұлова мәлімдеді.

фильм Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше елдердің 6 тіліне аударылатын болады. Мәселен, «Жұбан ата кесенесі», «Қорқыт ата кешені», «Шерқала» секілді орындар туралы фильм шетелдік көрерменге жол тартады. BBC WorldNews атты телеарнада «Қожа Ахмет Яссауи», «Айша Бибі» кесенесі мен «Алтын адам» атты деректі фильм аяқталып, оларды 451 миллион көрермен көре алатындай ауқымда жағдай жасалуда», — деп сүйінші сұрады.

Бұдан бөлек, еліміздің халықаралық деңгейдегі беделін көрсетуге бағытталған тағы бірнеше фильм қолға алынып отыр. Вице-министр «Күлтегің» туралы деректі фильм көпшіліктің көңілінен шығатынына сенімді.

Трансформация

Астанада «Самұрық-Қазына» мәдени кілті. Reinvention»

тақырыбында өткен кеңейтілген отырыста Қордың соңғы бес жылдағы жұмысы қорытындыланып, 5 корпоративтік құндылыққа негізделген бес жылдық жоспары бөлінгенді.

«Соңғы бес жылда біз үздіксіз дамып, мүлде жаңа корпоративтік экожүйе құрдық. Соның нәтижесінде басты құндылықтарымызды белгіледік. Олар — серіктестік, сыйластық, тұтастық, меритократия және мүлтіксіздік», — деді «Самұрық-Қазына» АҚ басқарма төрағасы Өмірзақ Шөкеев. Трансформация нәтижесінде Қор мүлде жаңа деңгейге шығады.

«Мемлекеттік холдингтер рөлін қайта қарастыру керек. Үкіметке «Самұрық-Қазына» холдингін сапалы түрде трансформациялау ісін жүзеге асыруды тапсырамын. Басқарушылық және өндірістік бизнес үдерістерін толық ревизия мен оңтайландырудан өткізу қажет. Нәтижесінде ол тиімділігі жоғары, жинақы және кәсіби холдингке айналуға тиіс. Менаджмент пен корпоративті басқару сапасын халықаралық деңгейге жеткізу керек»

(Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауынан)



БЕСЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРЫН АЙҚЫНДАДЫ



«Біз стратегиялық холдинг, белсенді инвестордың операциялық үлгісіне өттік. Енді қоржынды компаниялар қызметінің әкімшілік қондырмасы, ебедейсіз конгломерат емеспіз. Қор мен компаниялар арасында жауапкершілік аумағы нақты белгіленді. Біздің бүкіл іс-қимылымыз коммерциялық нәтижеге бағытталды. Қор — мобильді түрде басқаратын холдинг. Ол алдағы ұрпақтың болашағы үшін ұзақ мерзімді табыс әкелетін міндеттерді орындайды» деп атап көрсетті ол.

Өз кезегінде «Самұрық-Қазына» АҚ корпоративтік орталығындағы трансформация жобасының жетекшісі Лариса Зямзина қордың жаңа операциялық үлгісі шеңберінде комплаенс қызметі құрылғанын жеткізді.

«Комплаенс — бизнесті жүргізудің жаңа этикасы, жаңа мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігі. Ол адалдық пен парасаттың ең биік дәрежесіне сүйенеді. Адалдық өзімізден, біздің ішкі құндылығымыздан басталады. Жартылай немесе 30 пайыз адал бола алмайсың. Адал адам қызмет бабын немесе компания ресурсын жеке басының мүддесіне ешқашан пайдаланбайды. Адал және бизнесті жүргізу этикасы жоғары қызметкерлер ғана Қорда және оның қоржынды компанияларында жұмыс істеуі керек» — деді Лариса Зямзина.

«Қазақтелеком» АҚ персонал жөніндегі басқарушы директоры Берік Битабаров атап көрсеткендей, компания меритократияны корпоративтік мәдениет құралы ретінде қолданады.

«Екі жыл бұрын «Қазақтелеком» теңдей мүмкіндік ұсынатын жұмыс берушінің брендін жариялады. Біз сырттағы, сондай-ақ ішкі үміткерлерге де теңдей мүмкіндік береміз. «Қазақтелеком» өз құрылымын өзгертіп жатыр. Бөлімшелерді біріктірілді. Біз адамдарды нарықтан тартамыз, қызметкерлердің 70 пайызы сол нарықтан келді. Басшылық орындар 50 пайызға жаңарды. Біз әр қызметкерге ешкімнен кем емес екендігін сезінуге жағдай жасаймыз. Меритократия барлық бизнес-процестерден қызыл сызық секілді өтуі керек», — деп санайды Берік Битабаров.

Өмірзақ Шөкеевтің айтуынша, алдағы бесжылдық жоспар Қордың 2022 жылға дейінгі Даму стратегиясында нақты жазылған.

«Біз қоржынды компанияларда трансформацияны аяқтауды және IPO-ға шығуды көздейміз. Қор еліміздің келешегі үшін жұмыс істеуі тиіс. Ұлттық компаниялардағы үлесін азайта отырып, Сингапурдағы Temasek сияқты жаһандық ойыншыға айналады. Сөйтіп, технологиялық жағынан дамыған компаниялардың акциясына инвестициялайтын болады», — деп түйінделді өз сөзін Өмірзақ Шөкеев.

(Өз тілшіміз)



Сонымен «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асырудың ең басты алғышарты қандай? Бүгінгі күні немі өзгертуіміз керек?

Біз «Мәдениет пайызбен өлшенбейді» деген пікірді жиі естиміз. Дегенмен мәдениеттің сапалы өнім талап ететін сала екенін ұмытпаған жөн.

Сондықтан нақты міндеттерді белгілеп алған дұрыс. Ең алдымен ресурс базасын қарастырып, нормативтік-құқықтық актілер мониторингін жүргізуден бастау керек. Сондай-ақ «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыратын барлық министрліктер мен мекемелер өткізетін шаралардың өлшемі мен уақытын сәйкестендіру маңызды.

Әкімшілік кедергілерді алып тастау және кешенді жоспарлауды жүзеге асыру мақсатында әрбір нысанның төлқұжаты мен оны бағалаудың актуарлық үлгісін жасау

әсем, ғажап орындар көп. Оларға туристерді көптеп тарту үшін демалыс индустриясын дамыту қажет. Туристтік қызмет көрсету жағынан еліміз дүниежүзі бойынша алғашқы жүздікке кіреді. Жалпы ішкі өнімдегі үлесін арттыру аса маңызды болып тұр. Сондықтан «Рухани жаңғыру» нысандарының картасын туристік нарық инфрақұрылымына жалғай отырып жасаған абзал деп санаймыз.

ҚОҒАМ

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz



3

(Басы 1-бетте)

Әлбетте, еліміздің мәдени саладағы жетістіктері айтарлықтай. Мәдени жобалар, ұлттық музейлердің дамуы, дарынды отандастарымыздың еліміздегі және шетелдегі жетістігі — осының бәрі заманауи тарих кезеңінде қол жеткізген жасампаз тәжірибе.

Мемлекет басшысы бүгін анағұрлым ауқымды және іргелі шаруаны қолға алуымыз керектігін мәлімдеді.

«Рухани жаңғыру» — идеясы терең әрі жан-жақты қамтитын бірегей құжат. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын негізге алып, жүйелі, бірізділікпен және ашық жұмыс істеуіміз керек. Мұндағы басты қағида — тұрғындарға мәдени құндылықтардың қолжетімді болуы.

Бағдарлама мультипликативтік сипатқа ие. Аймақтарды зерттеу, «Туған жер», «Қазақстанның киелі орындары» жобалары аясында ескерткіштерді сақтау және қалпына келтіру — бұл мәдени және экологиялық туризмді дамыту дегенді білдіреді. Демек аймақтағы экономиканың драйвері бола алады. Ал инновациялық мәдени-тарихи зерттеулер, атақты жазушылар мен ақындардың шығармаларын әлем тілдеріне аудару ғылым деңгейін көтеру ғана емес. Сондай-ақ ол қазақстандық құндылықтарды шын мәнінде ілгерілеті алатын қоғамның кәсіби қабатын қалыптастыруға ықпал етеді.

Осы процестердің экономикаға, сонымен бірге театр, музей, кітапхана, архив, әдебиет пен киноөндіріске мультипликативті әсері болмақ. Бағдарлама ең әуелі білімді де мәдениетті жастарды тәрбиелеуге бағытталады. Жаһандық сын-кәтерге біз ақпарат қауіпсіздігі саласында ғана емес, сырттан келетін бұқаралық мәдениет өнімдерінің, надандық, мәдениетсіздік, нашар талғамның ендеуіне қарсы тұруымыз қажет. Бұлар кейде бәрінен де қауіпті болуы мүмкін.



ЖАҢҒЫРУ МЕН ЖАҢАРУ

қажет. Мұнда меншік түрі, қаржыландыру көзі мен көлемі, қай аймаққа тиесілі екені есепке алынады. Бұл қандай факторлардың мүдде қактығысына әкелетінін бағамдауға мүмкіндік береді.

Мәдени мұра нысандарына, әсіресе, киелі орындармен байланысты жобаларды жүзеге асырғанда мемлекеттік меншік формаларын белгілеу мәселесі туындауы мүмкін. Кейде аймақ шекарасы құжатқа сәйкес келмейді. Кейде жекеменшікке тиесілі аумақ арқылы өтуі мүмкін. Мұндайда рәсімдер ешкімнің құқығын бұзбай жүзеге асырылуы тиіс.

«Рухани жаңғыру» жобасының басты бағытының бірі — туристік саланы дамыту. Елімізде небір табиғаты

Әлбетте, мәдени салада атқарылған жұмыс ауқымды. Дегенмен әлі де шешімін күтетін өзекті мәселелер бар. Айталық, мәдениет ұйымдарының қызметі жаңғыртуды, атап айтқанда, олардың ғылыми, сараптама зерттеу орталықтарына айналуы себепті еңбектің жаңа нормативтерін енгізуді қажет етеді.

Спорт саласындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешендерінің оң тәжірибесін ескере отырып, ауыл клубтары, мәдениет үйлерінің типтік жобасын дайындауға қайта оралатын кез келді.

Мәдени ұйымдардың материалдық-техникалық базасы мен құрал-жабдықпен жаракталуының

мониторингін жүргізу керек. Музей мен кітапхана атаулы өз жұмысын қалай жүргізеді? Компьютермен жабдықталған ба? Кітапхана ауылда е-culture сандық ресурсын пайдалануға арналған бірден-бір интернет көзі болғандықтан, оларды тегіс компьютерлендіру ісі кезек күттірмейді. Сондай-ақ музейлерде құнды жәдігерлерді есепке алудың кешенді ақпарат жүйесін енгізу өзекті болып отыр.

Институционалдық түйткілдерді шешумен қатар, мәдени-шығармашылық саланы ұмыт қалдыруға болмайды.

Біздің ойымызша, шетелде, жеке коллекция мен архивтердегі қазақ мәдениеті артефактілерінің базасы қажет. Сондықтан ел ішінде, сондай-ақ әлем бойынша ауқымды мәдени-этнографиялық экспедиция ұйымдастыру қолға алынса, құба-құп. Оның мақсаты — қазақтың

мәдени қайраткерлерінің дауысы, ән мен күйлер жазылған медиафайлдар, коллекциялық экспонаттар суреті, құжат көшірмесін қамтитын материалдарды жинау болмақ. Сондай-ақ ең үздік қазақ опералары мен симфонияларының студиялық жазбасы және оны шығару жобасы Қазақстандағы ресми рекорд-лейблді құруға серпін бере алады. Классикадан бастап қазіргі композиторларды қамтитын қазақ музыка мәдениетінің ең үздік шығармалары негізінде бейне-материалдар топтамасын шығару отандық өнерді Full HD форматында насихаттауға мүмкіндік береді. Заманауи музыкаға мемлекеттік тапсырыс түрінде қолдау көрсету саясаты қазіргі композиторлардың опера мен симфония жазуына түрткі болары сөзсіз.

Көркем әлебиеттің баспа нарығын қалыптастыру, кинематография, анимация және кинопрокатты жолға қою жаңа маркетингті қаламдар мен түрлі қаржы тетіктерін пайдалануды қажет етеді.



Қорыта айтқанда, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын тиімді жүзеге асыру — еліміздің әр азаматы үшін дамыған мәдениет пен білім кеңістігін құру жолындағы тарихи қадам. Сонда ғана біз тарихи-мәдени тамырымызды жоғалтпай, әлемдегі жаһандық үрдістерге толыққанды қатыса аламыз.

Гүлнәр ЫҚСАНОВА,
Мәжіліс депутаты

Кәусар

Киелі орын Қожа Ахмет Яссауи кесенесі – Орталық Азиядағы ең көне және архитектурасы

озық құрылыстың бірі. Алыстан қарағанда, даланың күмбезі сияқты көрінеді. Құрылыс аяқталмаған. Бірақ ою-өрнегі ерекше шеберлікпен салыныпты. Құпиясына ой жетпейді. Боюы да қанық ері төзімді. Тіпті бүгінгі технологияның мүмкіндігі азық өтсе керек-ті. Сағыз топырақтан күйдірілген сары кірпіш VI ғасыр өтсе де әр бермеген. Түркістан атауы бұрын өте кең ұғымда қолданған. Оған дейін Тұран деп аталған.

Түркістан аты — Қожа Ахмет Яссауи есімімен егіз ұғым. Ахмет Яссауи түркі топырағының төл перзенті. Сайрамда туып, 17 жасынан кейін Түркістанда тұрақтап қалған. Осында дін жолына түсіп, рухани өнер үйренді. Дін таратты. Ғылым-біліммен айналысты. Ақынның «Диуани хикмет» кітабы мұсылман әлеміндегі ең құнды мұра. Аңыз бойынша, Түркістан топырағын ең алғаш қоныс қылған адам — осы бозбала Қожа Ахмет деп айтылады. «Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің археолоия және ескерткіштерді

Ескерткіште күмбезді технология өте мол. Жалпы мұнда 35 бөлме бар. Кесененің жоғарғы жақтауында көгілдір қышпен өрнектелген әртүрлі жазу кездеседі. Кешен арғы-бергі қазақ тарихында болмаған ерекше әдіспен, жоғары техникамен салынған.

жағына жерленген. Ол Яссауиден бұрын өмір сүрген әулие. Асты түгел сүйек. Қабырғаның астындағыларды кіші ақ сарайға қазақ дәстүрімен жерленген.

Кесенені тайқазансыз елестету қиын. Алып қазан 1399 жылы, Түркістан маңындағы



МӘДЕНИЕТТІҢ ТҮП ҚАЗЫҒЫ

Карнак деген жерде, сирек кездесетін жеті асыл металдың қоспасынан құйылған. Қазанның салмағы — 2 тонна. Сыйымдылығы — 3 мың литр. Көне тарихтың көзіндей

болған асыл мұра 1935 жылы Эрмитажға уақытша көрмеге қойылып, 1989 жылы ғана елге жеткізілгені.

Көне тарихтан сыр шертетін тағы бір жәдігер — қылуат жер асты мешіті. Күн көзі түспейтін жабық нысан. Құрылыстың ең көне бөлігі — ғар бөлмесі. Жалғыз адам сыятын ұядай орын. Қожа Ахмет Яссауи бағмыз 63 жастан кейін өзіне арнап салдырған ғархана — осы. Жер бетінен 4 метр тереңдікте. Жалпы саны мұнда 18 бөлме бар. Жамағатхана, мешіт, асхана, шаруашылыққа арналған шағын бөлмелерден тұрады. Жамағатханаға ғана терезе, күмбез салынған.

Қасынан қылуат жер асты мешіті салынған. Ахмет Яссауи 63 жастан кейін пайғамбар жасынан асып өмір сүру күнә деп, жер астынан ар деген төрт бұрышты бөлме салып алып, соның ішінде өмір сүрген қалған ғұмырында...

Жартылай жер астына көмілген, бес күмбезді құрылыс сыртынан қарағанда, жинақы, ретті көрінеді. Кірпіші шаршы, алуан түрлі бейнеде қаланған. Бұл — осыдан V ғасыр бұрын салынған шығыс моншасы.

Әуелде, Қожа Ахмет бабаның басына тәу етіп келушілерге арнап тұрғызылыпты. Кейін бүкіл халық пайдаланды. 1975 жылға дейін оты өшкен жоқ. Тоғыз бөлмеден тұратын моншаның табаны жылыды. Жылу ұзақ сақталады. Мұндай озық технология орта ғасырларда өте сирек болған.

Жарас ШӨКЕ

Ецен

Осы аптада статистика агентігі электрондық есептеуішті іске қосты. Автоматты жүйе әрдайыи жаңарып, адам санының есімін онлайн түрде көрсетіп отырады. Бұл туралы статистика агентігінің төрағасы Нұрболат Айдапқелов хабарлады.

ONLINE САНАҚ

Агенттіктің сайтындағы есептеуішке сенсек, қазір халық саны 18 миллион 146 мыңнан асып жығылатын көрінеді. Оның 9 миллион 400 мыңы — әйел, ал 8 миллион 800 мыңы ер адам. Елімізде орта есеппен әрбір 81 секунд сайын бір сәби дүниеге келеді. Ал 216 секунд сайын бір адам қайтыс болады. Енді онлайн есептеуішті іске қосқан агенттік, болашақта үй аралап халық санағын жүргізуден бас тартпақшы. Бірақ ол үшін дерек базасы мен басқа да техникалық мәселені реттеп алу қажет.



Сондай-ақ жауаптылар алдағы 5-10 жылда адам саны қанша болатынын нақты болжай алады.

Бастама

Соңғы 6 жылда еліміздегі мемлекеттік мекеме мен банк және жеке компанияға 80 мыңға жуық кибершабуыл жасалған. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мәліметі осындай. Ал бұған тойтарыс берудің амалы бар ма?! «Қазақстанның киберкөңістігін қорғау» бағдарламасын әзірлеушілер

еліміздің болашақ ақпараттық қауіпсіздік саласы үшін жас мамандар дайындауды қолға алмақ.

КИБЕРШАБУЫЛҒА ТОЙТАРЫС



Қазір арнайы орталық құрылған. Оның құрамында ақпараттық қорғаныс бағдарламасын әзірлеуші жетекші компания мен Қазақ-Британ техникалық университеті

ақпараттық технологиялар университетінің ректоры Дамир Шыныбеков «Гранттың көбейтілуі ақпараттық қауіпсіздік саласын дамытуға арналған игі бастама», — дейді.

және халықаралық ақпараттық технологиялар университеті бар.

Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің ақпараттық қауіпсіздік комитеті олармен серіктестік жөнінде 9 меморандумға қол қойды. Келісім аясында комитет болашақ ақпарат қауіпсіздігі мамандарын дайындау үшін жыл сайын аталған оқу орындарына 500 грант бөледі. Халықаралық

«Мұражайда бірегей артефактіні, халықаралық ауқымдағы тарихи жәдігерді кеңінен танымал ету осы жолдағы маңызды қадам болып табылады. Туристік ағындардың негізі көлемі мәдениет объектілеріне, мінәжат орындары мен тарихи-мәдени ландшафттарға баруға бағдарланғанын ескерсек, аталған басымдықтың тиімді қайтымы болатыны сөзсіз»

(Қазақстан Республикасының Мәдени саясат тұжырымдамасынан)

қорғау бөлімінің меңгерушісі, тарихшы Марат Тұяқбаев «Қожа Ахмет Яссауи түркі ақыны деп есептеледі. XII ғасырда өмір сүрген. Сайрамда дүниеге келген. Мына алдарыңызда тұрған кесене, алып құрылыс 1393 жылдан 1405 жылдың арасында Әмір Темірдің бұйрығымен салынған... Бір күмбездің ішіне бәрін біріктіріп, осындай құрылыс салған» — дейді.

Кесене оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай созылып жатыр. Ені — 46, ұзындығы — 65 метрге жетеді. Биіктігі — 37 метр. Орталық Азия сәулет өнерінде бұрын-соңды болмаған шатыр жабу әдісі қолданылған.

тауда 500 адам тас өндіріді. Тасты жеткізуге Үндіден әкелінген 95 піл пайдаланылды. Құрылыс жұмысына көңілі толмаса, Темір кінәлілерді қатан жазалап отырды. Темір заманында Қожа Ахмет Яссауи кесенесі сияқты құрылыс жоқтың қасы еді. Кесененің әрбір кірпіші қолдан құйылды. Сапасы өте жоғары болды» — деп жазып қалдырған. Мұражай меңгерушісі, тарихшы Марат Тұяқбаевтың пікірінше, мұнда қазақтың 21 ханы жерленген. 9 сұлтан, 16 би, 50 батыр жақында 52 батырға толықты. Бұл бізге белгілісі ғана. Ахмет Яссауи өзінің өтініші бойынша Қоқырас ханның аяқ



ӘЛЕУЕТ

ХАБ

Дамыған елдерде көлік логистикасы — қомақты табыс әкелетін сала. Әлемдегі көлік тасымалының нарығы орта есеппен 3 трлн долларды құрайды. Ал әлемдік ЖІӨ-дегі үлесі 7 пайызға жуық. Статистика агенттігінің дерегінше, біздегі көлік тасымалының елдің ЖІӨ-гі үлесі — 7,6 пайыз.

Еуропа мен Азияның түйіскен жерінде орналасқандықтан, географиялық жағынан біраз артықшылыққа иеміз. Кейбір сарапшылар теңізге шығатын жолдан тым шалғайда жатыр десе де, транзит әлеуетімізді жете бағаламауға болмайды. Тарихқа үнілсек, жерімізді басып өткен Ұлы Жібек жолымен қытайдың тауары Еуропаға дейін жеткізілгені мәлім. Сондықтан қазіргі көлік, коммуникация және технология қарқынды дамыған заманда осы әлеуетті барынша пайдалану керек. Президент Нұрсұлтан Назарбаев Ұлы Жібек жолын жаңғырту жобасы Қазақстан арқылы жүк тасымалын 2020 жылға қарай 2 есе ұлғайтуға мүмкіндік беретінін айтқан болатын. Ал транзит тасымалынан түсетін табысты жылына 4 млрд долларға арттыру көзделді.

Сонғы жылдары қарқынды дамып келе жатқан қытай елінің Еуропа Одағымен берік сауда байланысы еліміздің экспорт-импорт мүмкіндігі мен транзит әлеуетін дамытуға ықпал етпей қоймайды. Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінің Еуропамен сауда-экономикалық қарым-қатынасын нығайтуы Транссібір магистралі мен Оңтүстік теңіз жолына балама болатын құрақтағы бағытты құруды қажет етеді. Қазір халықаралық «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» көлік дәлізін жана Жібек жолы деп атауға болады. Қытайдан Еуроодақ елдеріне жүкті теңіз арқылы 35-40 тәулікте жеткізеді. Ал автокөлік бағыты жолға кететін уақытты 2-3 есе қысқартты.

Қытай және Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің Еуропа одағымен сауда-экономикалық байланысы — еліміздің транзит мүмкіндігін одан әрі өркендетудің алғышарты. Демек көлік саласының өсіміне әсер ететін негізгі драйвер транзит әлеуеті болса, оның өзі алдыңғы кезекте Қытай-Еуроодақ бағытындағы транзитті ұлғайтуға келіп тіреледі.

ИНТЕГРАЦИЯ

Көлік логистикасын дамыту Орталық Азия арқылы өтетін тиімді әрі қауіпсіз бағыт ретінде еліміздің халықаралық деңгейде танылуы үшін де керек. Осы орайда Еуропадан Қытайға және керісінше, сондай-ақ Парсы шығанағына дейінгі өте қысқа бағытты қамтамасыз ететін ірі инфрақұрылым жобалары қолға алынды. Олардың дені жемісті түрде жүзеге асырылып үлгерді. Сарапшылардың пікірінше, еліміздің Еуразия құрлығындағы транзит ағымының аса маңызды орталығына айналуы өзге елдермен (ең әуелі Ресей, Қытай, Иран және Орталық Азия мемлекеттерімен) көлік және логистика жағынан интеграциялануы дегенді білдіреді. Сондықтан ел ішіндегі негізгі көлік жолдары сапалы әрі қауіпсіз болуымен қоса, әлемдік көлік жүйесімен байланысып жатуы керек.

Сонғы бес жылда Батыс-Шығыс дәліздері салынып, теміржол саласында қарыштап алға бастық. Ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асыру шеңберінде Алматыны Жезқазғанмен, Бейнеу және Түркменстанмен байланыстыратын теміржол бағыты ашылды. Тек біздің еліміз ғана емес, жалпы Орталық Азия елдерінің теңіз жолынан тым шалғайда болуы біраз қиындықтар тудырды. Осы орайда біздің еліміз интеграциялық процестердің көшбасшысы болып, аймақтағы елдерге теңіздегі сауда-көлік жолдарына шығуға жағдай жасайды.

«Жаңа еуразиялық логистикалық инфрақұрылымды дамыту – маңызды басымдықтардың бірі. Оған қазірдің өзінде қомақты инвестиция жұмсалды. Енді одан экономикалық қайтарым ала бастау қажет»

(Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауынан)



Оған дейін, 2014 жылдың соңында Қазақстан-Түркменстан-Иран-Парсы шығанағы теміржолы іске қосылған болатын. Сол кезде қытайдың Иу қаласынан шыққан жүк пойызы Қазақстан — Түрікменстан — Иран халықаралық теміржол дәлізі арқылы 10 мың шақырым жол жүріп, Тегранға жетті. Бұл теміржол жүкті Оңтүстік Азияға, Парсы шығанағындағы аймақтарға тиімді әрі жылдам тасымалдауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар сол жақтан кері бағытта Ресей арқылы Еуропаға да тауар тасымалы тиімді жүргізіледі. Бұл теміржол астық тасымалын 5 есеге ұлғайтуға, 10 млн тонна жүкті жол бойында сақтауға мүмкіндік береді.

ІШКІ БАҒЫТТАР

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Нұрлы жол – болашаққа апаратын

жол» атты халыққа Жолдауында көлік-логистика инфрақұрылымын дамытуға жол сілтегені мәлім. Бұл даму макроаймақтарды хаб қағидаты бойынша қалыптастыру арқылы жүзеге асырылуы тиіс деп көрсетілді. Осы инфрақұрылым макроаймақтарды автокөлік, теміржол және әуе жолдарымен шұғыла

ТРАНЗИТ ПЕН ТАСЫМАЛ: ЖАҢА БЕЛЕС

Қытай автожолы елдің транзит әлеуетін арттыруға өз үлесін косты.

Сондай-ақ көлік пен логистика саласында өзге де ірі жобалар жүзеге асырылуда. Мәселен, Қорғас-Шығыс қақпасы еркін сауда аймағы еліміздің көлік-логистика саласының дамуына ықпал етті. Осы жоба Жетіген-Қорғас теміржолы, Батыс Еуропа-Батыс Қытай автомагистралімен бір тізбекте болғандықтан, аса қуатты индустриалдық-логистикалық хаб құруға жағдай жасалды. Бұл да өз кезегінде еліміздің транзит әлеуетін арттыра түседі.

Еске түсірсек, 2015 жылдың көктемінде Қазақстан мен Қытай арасында контейнерлік теміржол қатынасы орнатылды. Содан бері аспан асты елінің теңіз айлағынан аптасына 3 мәрте контейнер тиелген пойыз елімізге бағыт алады. Бұл — екі елдің бірлесіп жүзеге асырған ауқымды логистикалық жобасы.

Осы пойыз Қытайдың қиыр шығысындағы Ляньюньган теңіз айлағынан Алматыға алты күнде жетеді. Қазір Қытайға Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінен теңізбен келген жүк еліміз арқылы Орталық Азия, Ресей және Еуропаға жеткізілуде.



іспетті Астанамен жалғайды деп жоспарланды. Сонымен қатар батыс аймақтарда теңіз инфрақұрылымын, ал шығыста логистика хабын құру ісі жалғасты. Батыс бағытта экспорт әлеуетін арттыруға Каспий айлағы, яғни Құрық порты және Боржакты — Ерсай теміржол желісі ықпал етеді. Биыл Азияны Еуропаға тікелей жалғайтын Баку-Тбилиси-Баку (БТК)

Көлік-логистика әлеуетін арттыруда теміржолдағы жаңа бағыттардың маңызы зор. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жиырма жылдан астам уақыт ішінде 2500 шақырымнан астам жаңа теміржол салынды.

Сонымен қатар көлік-логистика жобаларын жүзеге асырудың әлеуметтік және ішкі экономикалық тиімділігі дау тудырмайды. Осы саланы дамыту әлеуметтік түйтіктерді шешуге, уақытша және тұрақты жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді. Ұлттық көлік стратегиясын іске асыру біртұтас көлік-логистика жүйесін құруға әкеледі. Ал бұл қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қызмет көрсету сапасын жақсарту деген сөз. Көлік-логистика саласындағы жаңғырту жүк тасымалына тікелей транзит бағытын ашып, осы бағыттағы ынтымақтастықты әрмен қарай нығайтуға ықпал етеді.



теміржолы іске қосылды. Жаңа бағытта жолға шыққан астық тиелген алғашқы пойыз Құрық портынан Каспий арқылы пароммен Бакуге жеткізілді. Айта кету керек, Баку-Тбилиси-Карс


Еліміздің көлік-логистика инфрақұрылымы Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың тың шешімдері және қолдауы арқасында қуатты қозғалыс күшке айналды. Қазір ол еліміздің экономикасын дамытуға қомақты үлес қосуда.

Дереккөзі: Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі

ЖАҢҒЫРТУ 3.0

Жыл басындағы Президент Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілетілік» деп аталғаны мәлім. Осы Жолдауда мемлекет басшысы 5 негізгі басымдықты белгілеп берді. Олар: 1. Экономиканы жедел түрде технологиялық жаңарту; 2. Бизнес-ортаны түбегейлі жақсарту және кеңейту; 3. Макроэкономикалық тұрақтылық; 4. Адами капиталдың сапасын арттыру; 5. Институционалдық өзгерістерге, қауіпсіздікке және сыбайлас жемқорлықпен күрес. Енді осы 5 мәселе бойынша жыл бойы қандай шаралар атқарылып, не істелді дегенге шолу жасап көрелік.

Ең бірінші кезекте бұл Жолдау — ел Тәуелсіздігінің алғашқы ширек ғасырын қорытындылау және өрмен қарайғы дамуын алғашқы сатысы. Бірден айта



кету керек, биыл еліміздің ішкі саяси реформаларында ғана емес, сыртқы саясатында елеулі оқиғалар аз болған жоқ. Соның көш басындағысы Қазақстанның БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне тұрақты емес мүше болуы. Іле-шала ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмені өткізу шаралары қызу басталып кетті. Сөйтіп, тойдың болары ғана емес, өтіп жатқан кезі де аса қызу әрі қызықты болды. Өртүрлі деңгейде саяси, экономикалық, аймақтық кездесулер, форумдар мен конференциялар ұйымдастырылды. Әлемнің азулы саясаткерлері, экономистері мен ғалымдары Астанаға арнайы ат басын тіреп, болашақтың қуаты не болмақ деген мәселе төңірегінде пікір жарыстырды. Еуразия кіндігіндегі Арканың төсі — Астанада ұйымдастырылған халықаралық көрмеге әлемнің 115 елінен ресми делегаттар келді. 17 мемлекеттен президенттер мен үкімет басшылары қатысты. Әлемнің 40-тан астам елінен 800-ге тарта журналист арнайы ат басын бұрып, жер-жаһанға қазақ топырағында болап жатқан ғажайып сәттерді үздіксіз таратумен болды. Оның сыртында, 400-ден астам отандық журналист осы шараның мейлінше кең әрі жан-жақты насихатталуына үлес қосты. 93 күнде Астанада осы ЭКСПО көрмесінің аясында 6000-нан астам түрлі іс-шара ұйымдастырылыпты.

Көрменің ашылуында Елбасы адамзаттың дамуына, техника мен технологияның ілгерілеуіне осыдан бір жарым ғасыр бұрын Лондонда өткен алғашқы көрменің үлкен серпін бергенін айтты. Кім біледі, кешегі Астанада өткен ЭКСПО-ға қойылған қандай да бір дүние немесе сондай айтыған идея енді біраз уақыттан кейін жүзеге асып жатуы да ғажайып емес. «Қазақстан орасан зор көмірсутегі қорының бар екеніне қарамастан, жаңартылатын энергия көздеріне белсенді түрде көшетін болады. Осындай мақсат біздің «Стратегия-2050» бағдарламасы және «Жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжырымдамаларымызда көрініс тапты. Қазақстан 2050 жылға қарай жаңартылатын қуат көздері есебінен электр энергетикасының жалпы көлемінің жартысын өндіре алатын болады. Сонымен бірге экономикада энергияның жұмсалуды азаяды», — деді Президент Н.Назарбаев. Міне, сол себепті де әлемнің айтулы мамандары, экономика мен энергетика саласында жүріп шаштары ағарып, көздері қарайған ғалымдар баламалы қуат көзін қайда аламыз, не істейміз? — деген мәселе төңірегінде ойланды.

Ал енді, биылғы Жолдау жүктеген негізгі 5 басымдықтың алғашқысы — **экономиканың**

Екіншісі — цифрлық мемлекетке көшу. Бұл бағыт мемлекеттің бизнес пен халыққа қызмет көрсететін инфрақұрылымдарын цифрлық жүйеге көшіру арқылы қызмет түрлерін арттырып, сапасын жақсарту деген сөз. Үшіншісі — мәліметтерді алу, сақтау және тарату инфрақұрылымын жоғары жылдамдықпен жүзеге асыратын цифрлық Жібек жолын құру. Төртінші бағыт — жанашылдыққа көшу үшін адами капиталды дамыту, шығармашыл қоғамды қалыптастыру, бесінші — инновациялық экожүйе құру.

Ал енді осы 5 бағытты жүзеге асыру үшін 125 түрлі іс-шара өткізіп, шамамен 145 млрд теңгелі қаржы жұмсау керек екен. Жоба авторларының мәлімдеуінше, осы жоспарланған жұмыстар түгелдей жүзеге асса, араға біраз уақыт салып, жоғарыдағы шығын 1,7-2 трлн теңге болып қайтады екен.

Бұл бағдарлама тұрмыс-тіршіліктің, экономиканың, ауыл шаруашылығы саласының, өндірістің, тау-кен өндірісінің, көлік-логистика жүйесін, электронды сауданы дамытуды, денсаулық саласы, ақпараттық-коммуникация және «ақылды» қалалар құру жүйесін түгелдей қамтымақ.

Жолдаудағы екінші бағыт — бизнес-ортаны түбегейлі жақсарту және кеңейту. Дәл қазіргі

ЖҮКТЕЛГЕН МІНДЕТТІҢ ОРЫНДАЛУЫ

уақытта ел аумағында 1,2 млн шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері жұмыс істеп жатыр. Олар биылғы 10 айда 8,7 трлн теңгенің өнімін шығарып, 3,2 млн адамды жұмыспен қамтыған. Елбасы Жолдауда 2050 жылға қарай ЖІӨ-дегі шағын және орта кәсіпкерліктің үлесі 50%-дан кем болмауы керек деген тапсырма берді. Қазіргі уақытта, мемлекет тарапынан кәсіпкерлік үшін мейлінше қолайлы жағдай жасау қолға алынған. Бұрын кәсіпкерлікті 114 мемлекеттік бақылау және 18 қадағалау саласы бойынша 17 мемлекеттік орган және оларға қарасты 32 мекеме бақылау-қадағалау жүргізетін болса, қазір бұл жағдай көп өзгерген.

Міне, осы секілді мемлекет тарапынан қадамдар жасалған. Ал келесі жылы шағын және орта кәсіпкерлікті тексеру санын 30%, ал 2020 жылы тағы 10% кеміту көзделіп отыр. Бұл мемлекеттік саясаттың негізгі ұстанымы деуге толық негіз бар.

Жолдаудағы үшінші басымдық. Макроэкономикалық тұрақтылық. Қантар-қараша айларының аралығында ЖІӨ өсімі былтырғы жылғы осы уақытпен салыстырғанда 3,9% өскен. Қысқа мерзімді экономикалық индикаторларға сүйенсек, негізгі 6 саланы атауға болады. Бұл өндіріс, ауыл шаруашылығы, құрылыс, сауда, көлік және байланыс. Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 5,7%-ға артқан. Оған ел дамуына елеулі үлес қосып отырған негізгі екі мемлекеттік бағдарламаны атауға болады «Нұрлы жол» және Индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасы.

Инвестициялар негізінен сауда, өндіріс, құрылыс және ауыл шаруашылығы салаларына тартылып отыр. Үкімет отырысында осы салаларда тұрақты өсім бары айтылды. Жалпы, биылғы жыл экономиканың тұрақты өсімімен қорытындылануы тиіс.

Жолдаудағы төртінші басымдық — адами капиталдың сапасын арттыру. Бұл тұрғыда Елбасы ең бірінші кезекке білім және оның сапасына мейлінше назар аударды. Мемлекет басшысының тапсырмасымен қазір балабақшадан бастап,


бастауыш сынып, орта білім беру жүйесі, арнайы орта білім беру және жоғары оқу орындары түгелдей жүйелі реформаға ойысты. Мектепке 12 жылдық білім беру жүйесі енгізілді. Техникалық колледждер жұмысшы мамандықтарына тегін оқытады. Жоғары оқу орындарында тек гуманитарлық бағыттар емес,

нақты ғылымға көбірек көңіл бөлінетін болды. Орта мектептердің өзінде ағылшын тіліне басымдық берілді. Сол үшін биыл республика бойынша 5 мыңнан астам мұғалім ағылшын тілінің арнайы курстарынан өтіп, А2 деңгейінде тіл менгеріп шыққан.

1 шілдеден бастап міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға (МӘМС) ел тұрғындары жарна аудара бастаған болатын. МӘМС 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап енгізілуі тиіс еді. Елбасы күзде осы саладағы әлі де болса, пісіп-жетілмеген мәселелер мен шешілмеген түйіндерге сала мамандарының назарын аударды. Осы сынан кейін, денсаулық сақтау министрлігі бірсыпыра сараптамалық жиындар өткізе келіп, бұл мәселені кейінге ысыра тұруды жөн көрді. Күні кеше ғана Парламент Мәжілісі «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру» туралы заңға енгізілген өзгертулердің жобасын мақұлдады. Бұл құжат бойынша, МӘМС жүйесін енгізу мерзімі бұрын белгіленгендей 2018 емес, 2020 жылға дейін шегеріліпті.

Сондай-ақ биыл 1 шілдеден бастап зейнетақы мөлшері 20% өсті. Ал келесі жылдың 1 қаңтарынан бастап, зейнетақыға көлемі тағы 8% не 6% өседі, бұл тағайындалған зейнетақының санатына байланысты. Ал жалпы есептегенде, орташа зейнетақы көлемі 70 мың теңгенің үстінде болады. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова «2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап,

СЕРПІН

www.jasqazaq.kz
[E-mail: jas_qazaq@mail.ru](mailto:jas_qazaq@mail.ru)


ынтымақты зейнетақы 8 пайызға өседі. Базалық зейнетақы, басқа да жәрдемақы түрлері 6 пайызға көбейеді. Осы арқылы, базалық зейнетақыны ескергендегі зейнетақының төменгі мөлшері келесі

жылы 49 019 теңгені құрап, орташа дәрежесі 71 333 теңгені құрайды», — дейді.

Әлеуметтік салада бұдан басқа да жеңілдік пен жетістік бар. Мәселен, биыл шілдеден бастап бала тууға байланысты берілетін бір реттік әлеуметтік жәрдемақы көлемі де 20% артты.



Жолдаудың бесінші басымдығы — институционалдық өзгерістер, қауіпсіздікке және сыбайлас жемқорлықпен күрес.

Жыл басынан-ақ, Елбасы Конституциялық реформалар жүргізіп, өзінің бірқатар өкілеттігін Үкімет пен Парламентке берді. Мемлекет басшысының бастамасымен бұрын Президентке тиесілі болып келген 40-қа жуық өкілеттілік Үкімет пен Парламентке таратылып берілді.

Қауіпсіздік саласында да арнайы бағдарламалар қабылданып, экстремизм мен терроризмге қарсы күрес күшейтілді. Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл да өз жемісін беруде.

Жалпы алғанда, Елбасының Жолдауда жүктеген 5 басым бағыты бойынша да елде ауқымды жұмыстар атқарылды. Осы Жолдаудың негізінде бірсыпыра ұзақ және қысқа мерзімді бағдарламалар да қабылданды. Оған дейінгі мемлекеттік бағдарламалар да орындалып жатыр.

Бек СҰЛТАН

Жәдігер

Отырар өкініш пен мұң торлаған қазақтың өткен тарихы. Отырар — орта ғасырда ғылым мен білімнің, өнер мен мәдениеттің мәйегі болған шаһар. Отырар — теңдессіз өркениеттің қарапайымдығы болған Қағба.

Қала орнындағы — аспан астындағы музей — Отырар өркениетінің бір тамшысы ғана. Мұнда хандар ордасы, керуен сарай, базар, мешіт, ұстахана, құдық — бәрі болған. Қазір бірі де жоқ. Көшкен жұрттай жұрнағы ғана жатыр. Сыры көпше де, сыны кетпеген Ежелгі Отырардың қабырғалары — бір өркениеттің

арқауындай. Бірнеше ғасырдың көзі болған сары кірпіштер — шерті тарихтай сыр шертетін сияқты. Әттен тілі жоқ. Шыңғыс хан қирата алмаған зәулім қақпа келушіге айбат шегіп қарсы алады. Кірпіші әлі тозбаған. Ерекше әдіспен қаланған ескі жәдігер.


Арыстан баб — Мұхаммед пайғамбардың сахабасы деп айтылады. Қазақ жеріне дін таратып, бала оқытқан. Пайғамбардың аманаты — құрманың дөнін ұртында 407 жыл сақтап, 13 жастағы Ахмет Яссауиге табыстапты деген аңыз бар.

Арыстан баб кесенесі дәлізхана, мешіт, құжыраhana, азан шақыратын мұнара сияқты жеке бөлмеден құралған. Ең көне бөлігі —

кабірхана. Кабір үстіне алғашқы белгі XII ғасырда қойылған. Мазар XIV ғасырда бір рет, XX ғасырдың басында екінші жөндеуден өтіп, қызғыл кірпішпен салынды.

Кесене жанындағы құдықтан бірнеше ғасырдан бері су үзілмеген.

Арыстан баб — кесенесі орта



ғасырдағы озық құрылыстың бірі. Рухани орталық.

Арыстан баб кесенесінің шырақшысы Нұрлан Шокаев «Бұл Арыстан баб кесенесінің ішінде төрдегі бөлмеде Арыстан баб бабамыз жатыр. Кіреберісте Қара баб, Лашын баб деген екі шәкірті жатыр. Сосын шырақшы Шерімбет Әзес деген кісі жатыр», — дейді.

Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-мұражайының ғылыми қызметкері Гүлнар Дәуренқұл Арыстан баб кесенесі байырғы тарих пен ежелгі өнер түйіскен

жәдігер екенін айтты. Сондай-ақ моншақ, көне дәуірдің ақшалары табылған. Отырар атауы



«Арыстан баб» кесенесі

орта ғасырдағы араб, парсы саяхатшыларында, географтарында кездеседі...

Н.Алдабергенов «Фараб атымен де кездеседі. Отырар — отты жер. Фараб — сулы жер... Отырардың тарихы өте күрделі» - дейді.

Отырардың мәдени қала болған себебі — бұның қамалының беріктігі, әрбір үй орындары, табылған заттарының ерекшелігінде екен. Бір Отырардың жан-жағында 12 қалашық болған. Олар Отырар үшін жұмыс істеген.

Отырар орталығы — хан сарайлары. Мұнда ақша шыққан. Кремикалық ыдыстар боялды. Әрбір шыққан заттын өзіндік құны ерекше болған деседі. Отырар әлемдік тарихта біз кімбіз деген сұраққа жауап береді....

Жастар үшін тәрбиелік мәні өте зор.

Жарас ШӨКЕ

ҚАМАЛЫ БЕРІК ОТЫРАР



ЖАҢА ҚАЗАҚ

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz



Жас қазақ: Беркін, байқауда үздіктердің қатарынан табылғанынмен құттықтаймыз! Жалпы бұл жобаға өтемің деген ой болды ма? Байқауға қатысып жатқаныңызды қашан білдіңіз?

Беркін Түрқұлов: Бұл жобаның нәтижесі мен үшін күтпеген жағдай болды. Бастапқыда жобаға қатысып жатқанымды, тіпті білмедім. Соңғы кезеңдерінде достарым байқау ұйымдастырылып жатқан сайттың сілтемесін жіберді. Бірақ 100 жаңа есімнің қатарына енемін деп мүлдем ойламадым. Біз жаңадан туылған шақалақтың жүрегіне ота жасаймыз. Сол балалардың ата-анасының қолдауының арқасында шығар, осы жобада



озық болғаным. Әрине, қуанышты жағдай. Елбасын жүзбе-жүз алғаш көріп, қолын алдық.

Жас қазақ: Жалпы, сіз «100 жаңа есім» жобасын қалай түсінесіз?

Беркін Түрқұлов: Еліміздің, отандастарымыздың тәуелсіз мемлекет болғалы бері бүгінге дейін әр кәсіпте, әр мамандықта, яғни өнер, ғылым, медицина саласында істеген жұмысы, жеткен жетістігі бойынша ерекшеленген жандардың еңбегін бағалау деп түсінемін. Оның үстіне байқау дауыс беру арқылы жүргізілді. Тандау жасалды. Біз енді сол үмітті барынша ақтауға тырысамыз.

Жас қазақ: Өзіңіз жайында айтсаңыз. Медицина саласына қалай келдіңіз? Кай жердің тумасысыз? Хирургия саласы, балалардың жүрегіне ота жасау саласын не себептен таңдадыңыз?

Беркін ТҰРҚҰЛОВ:

АРМАНЫМ АДАСТЫРМАДЫ

Беркін Түрқұлов: Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы Мақташы деген елді мекенде дүниеге келдім. Оқушы кезімде дипломат болуды армандайтынмын. Ауылда жүргенімде соқырлық болып, кішігірім ота жасалды. Сол кезде хирург мамандығына қызығушылығым оялды. Өзге салаға ұқсамайтын керемет жұмыстың маманы деп ойлаймын. Өйткені адам өміріне араша түсу кез келген жанның қолынан келе бермейтін тірлік. Тағы бір себеп болған жағдай, өкемнің әпкесі хирургия бөлімінде аға мейірбике болып жұмыс істейді. Мүмкін сол кісіге ұқсағым келді. Осылайша кардиохирург боламын деп армандай басталым. Кейіннен 2013 жылы Астана медициналық университетіне оқуға түстім. Ауыл баласы үшін алғашқы жылдар қиындау болды. Әсіресе орысша сөйлеу жағы. Түсінемін. Бірақ ойымды жеткізе алмаймын. Қаланың өміріне сіңісу үшін көп оқып, көп еңбектенуге тура келді. Неше түрлі мектеп, лицейден келген замандастарыммен теңесу үшін тырысып, талпынып, тіпті алдын орап кеткім келді. Дегенмен нақты қай салада жүргенімді 3-курсқа келгенде түсіне бастадым. Оқуымды аяқтаған соң, не жұмыс істейтін кәсіп, не оқу жалғастыру деген екі таңдау тұрды. «Болашақ» бағдарламасын естіп, дайындалып, құжат тапсырдым. Сөйтіп, Мәскеу қаласындағы жүрек қан тамырлар ғылыми-зерттеу орталығына қабылдандым. Дипломат болып Мәскеуге баруды армандаған кішкентай бала, осылайша медицина саласы бойынша оқуға келді. Арманым адастырмады. Медицианың өзі дипломат секілді. Көпшілікпен жұмыс істей білу, әртүрлі жағдайдағы жандарды кездестіру. Мысалы,



науқасқа ең қажет дүние қолдау білдіру. Түсіндіре алуымыз керек. Баласы қатты ауырған ата-анаға мықты болу керек екенін, не амалдар жасайтынын айтмаыз. Бұған қоса, психологиялық портретін өзімізде түсіне біліп, соған қарай әрекет жасап, әңгімеге тартып, бірге отырып, баланы науқасынан айықтыруға тиіспіз. Ал оқуға келер болсам, қарапайым ауыл баласының «Болашақ» бағдарламасымен оқуға кеткені өзім үшін мақтаныш сезімін оятты. Тіпті Елбасының бізге жасаған мүмкіндігіне өзге елдің азаматтары қызыға қарайтын. Өйткені мұндай бағдарлама бізден басқа елде жоқтың қасы. Біз мұндай жақсылықты қалт жібермей, мүмкіндікті қолдан келгенше пайдалануға тырыстық. Бұл менің өмірімдегі үлкен жолдама болды. 2 жыл ішінде нәрестеден қартайған картқа дейін жүрегіне ота жасауды игердік. Жүректі емдеуді ментердік. Бірінші жылы теория түрінде, екінші

Елбасымыздың бастамасымен қолға алынған «100 жаңа есім» жобасы биылғы жылдың басты жаңалығына айналды. Жақында ғана бұл байқаудың нәтижесі шықты. Онда 6 сала бойынша 102 азамат жеңімпаз деп танылды. Мемлекет басшысы сол миллиондардан үздік шыққан отандастарымызбен кездесу барысында талантты жастардың көп екенін атап өтті. Оның қатарында еліміздегі ең жас балалар кардиохирургі, «Болашақ» бағдарламасының түлегі Беркін Түрқұлов та бар. Ол 2013 жылдан бері туа бітті жүрегінде ақауы бар балаларға 400-ден аса ота жасаған. Бүгінде Алматыдағы Палеонтология және балалар кардиохирургиясы орталығында жұмыс істейтін ақ халатты абзал жанмен кездесіп, сұхбаттасудың сәті түсті.

жылы тәжірибе жинау арқылы нақты бір бөлім бойынша ота жасауды үйретеді. Одан оралғасын осы Алматы қаласындағы жаңадан ашылған Палеонтология және балалар кардиохирургиясы орталығына жұмысқа шақырды.

Жас қазақ: Ол жерде ота ақылы жасала ма? Әлде портал арқылы тіркеліп, тегін жасала ма?

Беркін Түрқұлов: Бұрын квота арқылы жасалатын. Қазір порталға тіркеліп, келуге болады. Бүгінге дейін Қазақстан азаматтарына ешқандай ақысыз, мемлекеттің қолдауы арқылы жасалынады. Порталдың бір артықшылығы — науқас клиника мен маманды өзі таңдай алады. Сол сияқты өзге облыстардан келіп жатқан адам саны өте көп. Жақсылық та, жамандық та жасырынып қалмайды. Кез келген жерде тез тарап кетеді. Біздің орталықтың жұмыс істеп келе жатқанына 6 жылдан астам уақыт болды. Сол уақыт ішінде жеткілікті деңгейде атын шығарып үлгерді. Әрине, жүйелі жұмыс арқылы. Жүкті әйелдің нәрестесінің жүрегінде ақау пайда болса, жүктілік кезінен бастап, біздің бақылауда болады.

Жас қазақ: Жалпы бір отаны қанша адам жасайды?



Беркін Түрқұлов: Бір отаны 3 кардиохирург жасайды. Мен оқуымды аяқтап, осында келе салып, ота жасалдым. Мықты маман болып келдім деп айтуға болмас. Өйткені тәжірибе уақытпен бірге келеді. Бұл жерде 20 жылдан бері ота жасайтын үлкен ұстаздарымыз бар. Қайрат Қуатбеков деген кісі жана туылған сәбилерге, шұғыл түрдегі отаны жасайды. Ал біздер 6 айдан асқан сәбиге жасаймыз. Біздің әлі үйренгенімізден үйренеріміз көп.

Жас қазақ: Астанада жасанды жүрек салып жатыр деп естідік. Қазіргі еліміздің медицина саласының деңгейі қалай?

Беркін Түрқұлов: Кардиохирург маманы болғандықтан, өзімнің салам бойынша айтайын. Кардиохирургияның даму деңгейін бірнеше мысал келтіру арқылы айтуға болады. Біріншіден, елімізде заманауи орталықтардың салынуы. 2012 жылы алғаш рет жүрек алмастыру отасы жасалынды. Нәтижесі жақсы болғандықтан, одан бері де көптеп жасалынып жатыр деуге болады. Жасанды жүректі орнату да біз үшін үлкен жаңалық болды.

Бұл өте қымбат болғандықтан, кез келген мемлекеттің шамасы келе бермейді. Біздегі тәжірибе сәтті өтіп, пайдалануға мүмкіндік тулды. Бұл әзірге ересек адамға. Ал балаларға жасалынып көрген жоқ. Егер осы қарқынмен бет алар болсақ, онда ұзақ жылға созылмай толықтай жоғарғы көрсеткішке жететін боламыз.

Жас қазақ: Бала кездегі арманыңыз орындалды. Медицина саласындағы дипломат болдыңыз. Мәскеуде білім алдыңыз. Алдағы арманыңыз қандай?

Беркін Түрқұлов: Болашақта білікті маман болсам екен деймін. Мүмкіндігінше көптеген сәби мен балаға көмегіміз тиіп, өмірін арашалай алып қалсақ, еңбектің аралашай алып қалсақ, еңбектің

жемісі сол болмақ. Балаларға арналған жасанды жүректі орнату да ойымызда бар. Бүгінге дейін 400-ден аса балаға ота жасалдық.

Жас қазақ: Анасы жүкті кезінде баласының жүрегінде ақау болып, ауруға шалдықпас үшін неге мән беріу керек?

Беркін Түрқұлов: Өте орынды сауал. Маман ретінде отбасын құрар кезде екі жас тексерістен толықтай өтуі керек деп кеңес беремін. Қазіргі уақытта инфекция көптеп тарап кетті. Содан сақтану керек. Бала пайда болмастан бұрын алдын ала шара жасау керек. Салауатты өмір салтын қалыптастыру керек. Ішімдік, темекіден бас тартуы шарт. Дәрумендер ішіп, өз-өзін қалыпта ұстап, психикасын бұзып алмауын да назардан тыс қалдырмау керек. Өйткені дені сау ұрпақ — ұлт болашағы.

Сұхбаттасқан Елдос ӨМІРЗАҚ

Innovation

Бала кезінен құлтемір құрастыруға әуестенген Әліби Төлебай бүгінде Алматы қаласы физика-математика бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің оқушысы. Біз онымен алып шаһарда ұйымдастырылған ІІТУ Roboscon Games чемпионатында жолықтық. Өз тобымен жарысқа келіпті. Өнертапқыш «Робот құрастыру арқылы әлемді өзгертіп келеді. Бұл робототехникамен айналысу – металл мен пластикті, осыған ұқсас көптеген дүниелерге жан бітіріп, өздігінен жылжыту үшін жұмыс істейміз. Бала кезімде теледидардан көптеген роботты көріп, адам қолынан шыққан дүниенің тылсымдығына тамсандым. Мұны құрастыру үлкен өңбекті қажет етеді. Өйткені әрбір бөлшегінің атқарар қызметі мен маңызы өте зор. Кішкене ғана дүниеден қате кетсең, бүтін бір жұмысыңа кері әсерін тигізеді. Нәтижесінде

ЖАҢАЛЫҚҚА ЖАҚЫН ЖАСТАР

робот іске қосылмай, қимыл мен әрекеті жойылады. Сол үшін де мұлт кетпеуге тырысамыз. Алдағы уақытта адам өмірін жеңілдететін, егіншілікті дамытуға арналған суғару аппаратын жасап шығару ойымда бар» – дейді.

Ол өзінің бұрындыры робот жасауды тек теледидардан ғана көргенін жасырмады. Ғалым болмаса, жай адамның қолынан келеді деп, тіпті ойламаған. Бірақ мемлекет басшысының Қазақстан халқына биылғы Жолдауында «Цифрлық Қазақстан» бойынша жана бағдарлама әзірлеп, ІТ саланы дамытуды тапсырғаны есімізде. Осыған орай, еліміздегі барлық білім ошағында



автоматтандыру, роботтандыру бойынша мардымды мүмкіндік молынан қарастырылған. Бүгінде инновациялық сабақ пен үйірме оның ойында жүрген ісін жүзеге асыруға бірден-бір ықпал етті деуге болады. ІІТУ Roboscon Games атты чемпионатқа қала мен облыстың 15 үздік мектеп оқушыларынан құралған команда қатысты. Олар роботты техника саласындағы чемпион атағы үшін сынға түсті. Жарыс оңтүстік астанамызда осымен үшінші рет ұйымдастырылуда. Жарысқа келген жастың қарасы көп. Он бес мектептен жиылған әр команда құлды бір алаңда ойыншық ойнап жатқандай. Шын мәнінде, ол ойыншық емес, еңбегінің жемісі дегеніміз дұрыс болар. Өз қолымен жасаған дүниелерін қайта-қайта тексеріп, жалаңы сөнбесін дегім келеді» – деп өз сөзін түйіндеді.

Сайысқа қатысып жатқан роботтар экологиялық таза, табиғатқа зиян келтірмейтін заттан құрастырылған. Бұл — жарыстың басты талабы. Сонымен қатар құлтемірдің салмағы мен көлемі де шағын болу қажет. Байқау басталмас бұрын қатысушылардың техникаларын өлшеу рәсімі өтті. Биылғы сайыс тақырыбы ауыл шаруашылығына арналған. Яғни роботтар далалы жерлерде еркін жүруі тиіс. Жарысқа дайын тұрған топтардың жанына жақындадым. Робототехниканы бірі түсіндіріп, бірі қосып, қайта тексеріс жүргізуде. Бес ай бойына қаламен облыстың 15 мектебі Arduino микро бақылаушыларының базасында екі роботты әзірлеумен айналысқан. Бастапқыда айтып өткеніміздей, олардың басты мақсаты — бір уақытта ойын алаңында топ болып жарысуды көздейді. Робот көшет ағаштарды отырғызады. Сол арқылы біздің ғаламшарымызды көгалдандырады. Ал ең соңында айға ағаштардың көшетін жібере отырып, оның климаттық жағдайын өзгертеті.

Сондай-ақ іс-шараны «Шеврон» компаниясының қаржылық қолдауымен Ақпараттық технологиялардың халықаралық университеті (ХАТУ) ұйымдастырды.


Халықаралық ақпараттық технология университетінің коммерциялық директоры Медет Тұрғанбаев ІІТУ Roboscon Games жарысы тек дарынды жастарды анықтап қана қоймай, сонымен қатар Қазақстандағы роботты техникасын халықаралық стандартқа шығаруға мүмкіндік береді. Мұнда

Arduino базасында электроникадан және бағдарламалауға дейінгі роботтар құрылуының толық кезеңін үйретеді. Мұндай әзірлеу LEGO EV3 құрылымынан біршама күрделі. Негізі, басында университеттер арасында өткізіміз деген ой болған. Бірақ өздеріңіз білесіздер, жоғары оқу орындары бұған дайын емес. Оған үлкен қаражат және үлкен дайындық керек. Осы саланың мамандары болу керек. Сондықтан мектептерден басталық», — деп.

Оқушылар құрастырған робот 3 минуттың ішінде берілген тапсырманы мүлтіксіз орындап шығуы тиіс. Мұнда алаң екіге бөлінген. Бір жағында автономды түрде жұмыс істейтін техника, енді бірінде пультамен басқарылатын роботтар сайысқа түседі. Ережеге сәйкес, смарт құрылғы цилиндрлерді белгіленген орынға қойып шығуы керек.

Көп команданың автономды түрде жұмыс істейтін құлтемірлері істен шығып жатты. Егер дәл сол робот цилиндрды тура қойса, екі ұпай беріледі. Жарыста пультамен басқаратын техникалар жақсы нәтиже көрсетті. Үшінші чемпионаттың тақырыбын ұйымдастырушылар «Жасыл планета» деп атады. Ғаламшарымыздағы табиғатты қорғау негізге алынды. Бұл қазіргі таңдағы ең өзекті тақырып.

Жарысқа қатысу кезінде оқушылар және олардың жетекшілері механика, электроника, бағдарламалау саласында және басқа ұқсас пәндерде білімдерін қолданып көрді.



Білім және ғылым министрінің кеңесшісі Майраш Тайкенова «Қазіргі таңда еліміз ой-сананы жаңғыртуға, 3.0. жаңғыртуға қарай бағыт алған кезде, балаларды кішкентай кезінен бастап инновациялық технологияларға дайындау өте маңызды болып табылады. Роботты құру — бұл бастауыш сыныптардан бастап, ерте жастан бастап балалардың құрастырумен айналыса алатын саласы. «Шеврон» компаниясының арқасында, мұндай жарыстарды жүргізу қалалық деңгейде мүмкін болды және дәл роботты құру, құрастыру бүгінгі таңда балаларға қажетті инновациялық дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді, ол ересектердің мамандықтар әлеміне дайын болуға мүмкіндігі мол деген сөз», — дейді.

Бүгінгі таңда роботты құрастыру мектептердегі жоғарғы сыныптарда да оқытылады. Бірақ ұйымдастырушылардың айтуынша, информатиканы, бағдарламалауды және роботты техниканын бастауыш сыныптардан бастап оқыту керек және сол кезде роботтарды құруда сапалы серпіліс болады деп отыр.

«№166 физика-математикалық лицей» командасының капитаны, 10 «А» сынып оқушысы Елшат Досқалиев жоба туралы өзінің әсерін білдірді. Ол «Мен ІІТУ Roboscon Games чемпионатына қатысуға осындай мүмкіндік алғаным өте қуаныштымын, мұнда роботтар Arduino шағын бақылаушысының тұғырнамасында дайындалуы тиіс. Болашақта мен өзімді «Заттар ғаламторы» (Internet of Things — IoT) ретіндегі маман ретінде көремін және Arduino бойынша тәжірибелік білімдер маған қажет болады», — дейді.

ХАТУ АҚ «Мехатроника және зияткерлік жүйелері» зертханасының меңгерушісі Нұрлан Кәрімжан «Жастардың арасында роботты техникасы жөніндегі жарыстар пәндерді оқытумен, ғылыми жобалардың үйірмелері мен байқауларын ұйымдастырумен қатар елімізде роботты техникасын дамытудағы өте маңызды бағыт. ІІТУ Roboscon Games чемпионаты аз уақытта білімнің маңызды бөлігін игеру үшін қатысушыларға жақсы ынта береді. Соның нәтижесінде роботты техникасы жөніндегі болашағы бар жас маманды дайындайтын боламыз» — деп санайды.

Сонында жеңімпаздарды ақшалай сыйлық, сонымен қатар Ақпараттық технологиялардың халықаралық университетінде оқуға гранттар мен жеңілдікті ұтып алады.



Бірнеше сағатқа созылған жарыс өресіне жетіп, төрешілер лайықты бағасын берді. Мектеп оқушылары робот жасауда өзінің ширақ әрі тың идеяға толы жалынды жастар екенін дәлелдей түсті. Ал қателікке бой алдырған кей топ өзге жұмысқа қарап, тәжірибе жинақтады. Дамыған заманның талабына сай әрекет еткен жастар болашақты барынша жарқын етуге күш салатындарын жеткізді.

Салтанат ШЫРЫНХАН,
Алматы қаласы

Кәсібің – нәсібің

Қолы қимылдағанның – аузы қимылдайды. Бұрыннан келе жатқан тәмсіл. Қай кезде де мазмұнын жоғалтып, маңызын жоймаған сөз. Шынында да солай емес пе? Кәсіп істеген адамның еңбегінің шарапаты жалғыз өзіне ғана емес, сол кәсіпті атқарысуға қол ұшын созатын, сол арқылы тиесілі еңбекақысын алатын өзгеге де тимек. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жергілікті жердегі жаппай кәсіпкерлікті дамыту үкіметтің басым бағыттарының бірі болуы тиіс екендігін атап көрсеткен болатын.



зерттеп барып іске кіріспек. Ал екінші бағыт бойынша несие алуға бес адам, сондай-ақ үшінші бағыт бойынша мобилді еңбек ресурстарына бағыттау мәселесіне орай 68 адам тілек білдіріп отыр. Демек, ауданда жанаша сипаттағы еңбек тәртібіне орай құлшыныс білдіріп, дәмеленіп отырғандар аз емес деуге әбден болады. Бағдарлама да талаптыларға демеу-тірек болуда. Яғни ықпалы зор.

Аудан тұрғыны Сабыр Серікбай көңілі қалаған кәсібін енді ғана

қарағанда, кәсіпкердің бұл ниеті әбден дұрыс. Үйдегі ойы базардағы нарықтан ойып тұрып орын алса, өзіне де, елге де тигізер пайдасы зор болмақ.

— Кәсібімізді бастауға мемлекеттің өзі жәрдем етіп отыр. Ендеше, көп ойланып-толғанатын несі бар. Мысалы, біздің аудан орталығының тұрғындары қоғамдық моншаға зәру. Сондықтан да, мен бәсекелесі жоқ нарықтық ортаны тандап алдым, — дейді кәсіпкер Сабыр Серікбай.

Бұл бір ғана мысал. Мемлекеттік қолдаудың арқасында екі қолға бір күрек тауып, өз кәсіптерін ашып отырғандар жетерлік. Бірақ шалғайдағы шағын ауылдың тұрғындары да осындай жанашырлық көмектің бар екендігін білсін деген ниетпен ауылдық округтерде ақпараттық-түсіндірме жұмыстары арнайы кесте арқылы жүргізіледі. Бағдарлама бойынша жұмыспен қамту мәселелерін жұртқа жеткізу үшін арнайы комиссия да құрылған. Бұдан өзге де қолға алынған қыруар жұмыс бар. Мәселен, шағын және ірі кәсіпорындар мен аудандық жұмыспен қамту орталығы өзара әріптестік туралы меморандумға қол қойған.

КӨСЕГЕҢДІ КӨГЕРТЕТІН КӨМЕК БАР...

«Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» мемлекеттік бағдарламасы біздің облыста да іс жүзінде жүзеге асырылуда. Осы орайда, Егіндікөл ауданында атқарылып отырған шаруаны тілге тиек етуге әбден болады. Бірден айта кетейік, әуелі бағдарламаның үш бағыты бойынша жанды жұмыс жүргізіледі. Алдын ала жасалған жоспарға сәйкес ауданда 20 адамға 75 миллион теңге шамасында шағын несие беру жоспарланған болатын. Осы қаржының 42 миллионы Ақмола облыстық ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры арқылы, қалған 33 миллионы «Аграрлық-несиелік корпорация» акционерлік қоғамы арқылы жүзеге асырылмақ-тұғын. Осы бағдарлама бойынша несие алу үшін жұмыспен қамту орталығына ауданның 410 тұрғынынан өтініш түскен. Аталмыш бағдарламаның алғашқы бағыты бойынша кәсіптік-техникалық және қысқа мерзімді оқу курсынан өтуге 130 адам өтініш білдірген. Бұлар бизнес әлеміне бірден сүнгіп кетпей, өз бойларындағы білім мен білікті жетілдіруге тырысқандар. Өйткені, сүрінгенді қолтығынан демей қоймайтын қатыгездік бизнес талаптары қателікті кешіре қоймайды. Оның үстіне алғашқы демеу ретіндегі қаржыны несиеге алып отыр. Судың да сұрауы болатындығын ескерген болашақ кәсіпкерлер таңсық дүниенің ұңғыл-шұңғылын



бастаған талапты жан. Ол алдымен аудан тұрғындарының не нәрсеге зәру екендігін ой елегінен өткізіп, әбден зерттеді. Сөйтсе, аудан тұрғындарының бір түйткілі мәселесі көлімгі қоғамдық монша екен. Сұраныс бар жерде талаптыға нұр жаумак. Сөйтіп, несие қаражатына моншаға қажетті материалдарды сатып алып, құрылыс жұмыстарын бастап кетті. Аудандық жұмыспен қамту орталығының директоры Самат Жанабаевтың айтуына

Осының барлығы ел ішіндегі тіршіліктің байыпты қадамымен алға бастағандығын және сол жетістік мемлекет тарапынан көрсетілген көмектің арқасында мүмкін болып отырғандығын аңғартады. Ендігісі тырбанып тіршілік еткісі келген замандастарымыздың өздерінің ерік-жігеріне ғана байланысты.

Байкал БАЙӘДІЛОВ,
Ақмола облысы

Еңбек

Атыраулық Өтеміс Жұмағалиев – жылыжай ашқан кәсіпкер. Студенттік шағынан-ақ көтерме сауданың «тілін» жетік түсініп, ісін дөңгелете өкөткен кәсіпкер өнді мемлекеттік бағдарлама аясында жылыжай ашып, әжептәуір өнім өндіріп отыр.



Ол бизнес әлеміне 2001 жылы келді. «Яғни жеке кәсіпкер қатарына қосылып, патент алып, көтерме саудамен айналыстық. Кейін арнайы жер алып, автокөлік орталығын аштық. Қосымша мұздатқыш қойма салып, сауда нысандарына тауар тасуға қажетті көліктер сатып алдым. Бұл істерім ретке келгеннен кейін, жылыжай салу туралы идея пайда болды» — дейді кәсіпкердің өзі.

Осылайша, Өтеміс Атырау қаласына қарасты Кенөзек селолық округінен жылыжай салады. Алғашқылардың бірі болып тиімді әдіс-тәсілдерін суаруды енгізеді. Мұнда бірі аға, бірі іні болып қос бауырды да қол ұшын созып көмекке келеді. Әрине, ауыл шаруашылығында тәжірибесі мол мамандардың өзінде ісі алға баспай

қалатын тұстары да кездеседі. Сондықтан да болар, кейіпкеріміз бастапқыда тап-таза қияр өсіруді ғана қолға алады. Кейін ассортимент толығады.

Кәсіпкер «Қазір бізде сегізге тарта жұмысшы қызмет етеді. Өнімді күн сайын жинап отырамыз. Дүкендерден сұраныс мол.

Маусым, шілде айларында жылыжай демалады. Сол

себепті бүгінгі таңда екі гектар аумақты алатын жаңа жобаның құрылысына баса назар аударудамыз. Онда қызанақ, асқөк секілді көкөніс түрі көбейеді», — дейді.

Талай сында шыңдалған бизнесменнен



ЖЫЛЫЖАЙ АШҚАН КӘСІПКЕР

мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан көмектің қолжетімділігі турасында да сұрап көргенбіз. Ол бастапқыда өз қаражатын жұмсағанын, оның сыртында банктен несие алғанын айтты. Ол «Біздің жоба үлкен болғандықтан, оған 300 млн теңгедей қаржы қажет болды. Екінші деңгейлі банктермен жұмыс істеп жатырмыз. Жергілікті әкімдік

Отандық бизнесті өркендете түсудің жолдары. Кейіпкермен арадағы сұхбатымызды осы тақырыптағы ой-талқы аяқтады. «Өзімнің кәсіпкерлік саласындағы бірнеше жылдық тәжірибемнен байқағаным, бізде сервистік қызметпен айналысатын компаниялар некен-саяқ. Біздің елде бизнес иесі аяғынан тік тұрып кету үшін бәрін бір өзі атқарады. Ал АҚШ сынды дамыған елдерде мәселенің бұл жағы да ойластырып қойған. Оларда бірнеше консалтингтік мекеме бар. Мысалы, ауыл шаруашылығы саласы болса, бірі трактормен жер жыртып береді, келесісі керекті тұқым тандап береді. Қызмет көрсету бағасы қымбат емес. Шаруаларын жауапкершілікпен атқарады. Рас, бізде бұрын бар болғаны бір-екі күзет фирмалары болатын. Күні бүгінде олардың саны көбейді, яғни бәсекелестері көбейгесін бәсі де арзандап, әрқайсысы жоғары сапамен қызмет көрсетуге тырысты. Сол сияқты өзге салалар да дами түссе, кәсіпкерлерге жеңілрек болады. Құжат айналымы тезірек электрондық операцияларға көше екен деймін. Сол кезде бүкіл операцияларды үйде отырып-ақ жасап, негізгі уақытымызды бизнесті кеңейтуге арнап едік», — деді кәсіпкер сөз соңында.

Баян АТАЙМАНҚЫЗЫ,
Атырау облысы



ТІРШІЛІК



E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Қолдау

Бизнес жыныс, жасқа қарап бөлінбейді.

Сондықтан осы саладағы әйелдерді толғандыратын мәселенің барлығы бірдей. Біріншіден, кәсіпкер әйел мен жергілікті тұрғындар бизнесті қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар туралы дұрыс біле бермейді. Оған қоса, жеңілдігі бар несиенің қолжетімсіздігі өзекті болып тұр. Егер ауылдарда бизнесті дамытқымыз келсе, біз арзан әрі қолжетімді несие беруіміз керек. Басқа жағдайлар мен механизмдер кәсіпкерге тиімсіз. Жергілікті жерлерде екінші деңгейлі банктер, даму институттары мен қаржылық мекемелер өте аз. Сондықтан жұмыссыз отырған әйелдердің қатары көп. Осы келенсіздікті болдырмау үшін өткен жылдан бері жер-жерде іскер әйелдер кеңесі құрылды. Осыдан бастап нәзік жандылар елдің көркеюіне қосып жатқан үлесін сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде сөзіне білді. Бүгінде облысымыздың барлық ауданында белсенді өмірлік ұстанымы бар кәсіпкер әйелдерді біріктіретін аудандық іскер әйелдер кеңестері жұмыс істейді. Бір жарым жылдың ішінде әйелдер бизнесінің мәселелерін талқылау және шешу жөнінде 30-дан астам көздесу, жиналыс, форум мен семинар өткізді.

Бұрын әйелдер бизнесі көзге ерсі көрінетін, түрлі таптауырын пікір болды. Алайда



БИЗНЕСТЕ БӘРІ ТЕҢ

90-жылдардың басында әйелдер отбасын асырау үшін еркектермен қатар түрлі істі қолға алып, соның ішінде бизнес ашқандарын барлығы есінен шығарған. Бүгінгі таңда әйел кәсіпкердің бизнесте өзіне тиесілі орны бар, тіпті таза ерге тән деп саналатын салада да әйелдер жиі ұшырасады. Сондықтан Қазақстанда әйелдер кәсіпкерлігін дамыту үшін қолайлы, демократиялық атмосфера қалыптасқан. Бүгінгі таңда қаржылық ресурс теңдей қолжетімді. Көптеген мәселелерде әйелдердің шешім қабылдауға қатысуға, талқылап, өз пікірін ортаға салуға мүмкіндік ашылды.

Осы жылдың шілде айында Ақсу ауданында іскер әйелдер форумы өтті. Ауқымды шара 60-тан астам қатысушының басын қосты. Қазақстан Президентінің жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия төрайымының орынбасары Ләззат Сүлеймен шараның басты қонағы болды. Ол ақпараттың қолжетімсіздігін кәсіпкерлік бастамадағы басты кедергі ретінде атап өтіп, әйелдерді белсенді болуға, мемлекеттік қолдау шараларының барлығын пайдалануға шақырды. Форумда «Табыскер әйел келбеті» көрмесі ұйымдастырылды. Онда табысты бизнесмендер кондитерлік өнімдерін, нан өнімдері мен тоқыма бұйымдарын

дөңгелентіп, ерекше қырынан танылып жүргендер де бар. Жалпы, біздің жұмыстың негізгі бағыты — әйелдерді экономикалық және саяси жағынан қолдау. Текелі қаласындағы кәсіпкер келіншектердің бүгінгі жұмыстарын көріп, қуанып отырмыз. Көңіл өсіретін істер бар. Себебі қазір аталған саланың дамуына Үкімет тарапынан барынша жағдай жасалып жатыр. Шағын және орта бизнестің қырық пайызын қыз-келіншектер ашып отыр. Сондықтан, мемлекет берген көмекті дұрыс пайдаланып, кәсіпкерліктің жандануына септігін тигізіп жүрген бүгінгі кәсіпкер әйелдердің атқарып отырған жұмыстары көпке үлгі», — дейді.

Бұдан соң Ләззат Жанылысқызы мен Елена Ивановна «Ақ ниет» жеке кәсіпкерлігі деп аталатын шағын кәсіпорынға табан тіреді. Өндіріс иесі Динара Ысқакова сол жерде кәсіпорынның жұмыстарын көрсетіп, тыныс-тіршіліктерімен таныстырды. Өнімдері инновациялық жобалар негізделіпті. Кәсіпкердің газды бетон өндіру жобасы «Бизнестің жол картасы — 2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында 2015 жылы мамыр айында өткен конкурстық комиссияның қолдауына ие болған. Динара сол жылы екі миллион теңге көлемінде мемлекеттік грантқа қол жеткізіп, ойға алған жоба-жоспарларын



таныстырды. Табысты әйелдердің өмір жолдары туралы видеофильм көрсетілді. Осындай форматтағы шара Сарканд және Кербұлақ аудандарында ұйымдастырылды. Алматы облысынан 18 іскер әйелдің Қытайдың бизнесмендерімен кездесу үшін «Қорғас» халықаралық шекаралық серіктестік орталығына сапарлауы оларға ерекше әсер қалдырды.

Шара барысында Қытай билігі өндірі дамытуға қосқан үлесі үшін түрлі сала мен түрлі қызметтегі 10 әйелді марапаттады. Ұйымдастырушылар нәзік жандыларға деген зор құрметі мен сыйын көрсетті. Кездесу шеңберінде тәжірибе алмасып, одан ары қарай әріптестік орнату туралы келісімге келді. «Дунфан» сауда кешенінің бас директоры Ван Янь ханым қазақстандық әйелдердің бизнес-идеясын қолдауға дайын екенін білдірді.

Осындай игілікті істер жуырда тағы да жалғасып, Қазақстан Президенті

іске асыруға білек сыбана кіріскен. Қосымша өз қаражаты есебінен өнім өндіруге қажет жабдықтар сатып алып, одан әрі кәсібін өрістеткен. Нәтижесі жаман емес. Мемлекеттің жан-жақты қолдауы мен білім-біліктілігінің арқасында ізденісті еңбегінің жемісін көрді. Газды бетон қару құрылыс жұмыстарына керек бұйымдардың бірі саналады. Оған шағын кәсіпорында тәулігіне сегіз жүз кірпіш өндірілетіні дәлел. Бүгінгі

таңда жергілікті тұрғындар тарапынан дайын өнімге тапсырыс берушілер көбейіпті. Сондай-ақ бұл өнім жылы оқшаулағыштығымен де ерекшеленеді. Өнімдері халықаралық стандарттарға сай. Сапа жағынан да ұтып тұр. Кәсіпкер алты адамды жұмыспен қамтып отыр.

Осы тұста ескеретін бір жайт бар. Әрине, әйел еркекке қарағанда, табыстырақ болуды мақсат тұтпауы қажет. Бизнесті әйелдер үшін өзінің әлеуетін ашуға, қоғамға және өз отбасына көмектесуге берілген мүмкіндік деп білген жөн. Әйел — өмір бесігі, отбасының ұйытқысы. Сондықтан бизнесте де табысқа жетуге ұмтылумен қатар, отбасы берекесін сақтаудың да құнды екенін жадынан шығармау керек. Сонда ғана кәсіпте биікке өрлеп, отбасы берекесі арқылы ел өркеніне үлес қоса алады.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы



ҰЛТ САУЛЫҒЫ

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Орайы келген әңгіме

Жас казак: Мұхтар Есенжанұлы, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын жақсартудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» бағдарламасының қандай артықшылықтары бар? Әңгімемізді ең әуелі осы сауал төңірегінен тарқатсақ...

Мұхтар Төлеутаев: Араға белгілі бір уақыт салып, кезең-кезеңімен қабылданып, қолданысқа еніп жатқан әр жылдардағы денсаулық сақтауды жақсартудың мемлекеттік бағдарламаларының қай-қайсысын да жеке-дара, дербес қарастыра алмаймыз. Өйткені денсаулыққа қатысты қабылданып жатқан әр бағдарлама өз кезеңіне, сол уақыттың өзекті мәселелерін ескеріп, қамти отырып, халық денсаулығын жақсартудың барынша тиімді де нәтижелі жолын қарастырып барып қана қолданысқа енгізіледі. Яғни алдыңғы қабылданған бағдарлама – болашақта қабылданар келесі бағдарламаның алғышарты. Мәселен, 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» бағдарламасы – бүгінгі бз әңгіме етіп отырған ҚР-ның денсаулық сақтау саласын жақсартудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» бағдарламасының заңды жалғасы. «Саламатты Қазақстанда» қарастырылған мәселелердің «Денсаулық» бағдарламасында одан әрі ауқымы, шешілу жолдары кеңірек қамтылды. Ал енді мәселені сіздің сауалыңызға сай саралар болсақ, бүгінде онкология саласына мемлекет тарапынан үлкен көңіл бөлініп отыр. 2012 жылы Елбасының халыққа Жолдауынан кейін денсаулық сақтау министрлігінің дайындауымен үкімет қаулы қабылдап, Қазақстан Республикасында онкологиялық көмекті дамытудың 2012-2016 жылдарға арналған бағдарламасы бекітілді. Аталған бағдарлама онкологиялық аурулардың алдын алу мен ем жүргізуде жаңа мүмкіндікке жол ашты. Бұл – еліміздің денсаулық сақтау саласы бойынша түбегейлі тек қана онкология саласына толыққанды көңіл бөлініп, онкологиялық дерттің алдын алуға бағытталған алғашқы дербес бағдарлама. Аталған бағдарламаның аясында онкологияға бөлінетін қаражаттың ауқымы 2-3 есеге дейін артып, 13 миллиардтық бюджет қоры 29 миллиардқа бір-ақ шықты. Қазір бұл қаражаттың жалпы көлемі 32-33 миллиардты құрап отыр. Жаңадан көптеген онкологиялық орталықтар ашылып, соңғы үлгідегі құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді. Дәрі-дәрмек мәселесі де оң шешімін тауып, науқастардың толықтай тегін ем қабылдауына мүмкіндік беріліп отыр. Жалпы, әлем бойынша онкология ауруларын тегін емдеудің жолдары толықтай қамтамасыз етілген санаулы ғана мемлекет бар. Қазақстан солардың алғы шебіне.

Бағдарламаның орындалуы кезінде елімізде бірнеше онкология орталығы іске қосылды. Яғни бүгінде Қазақстан бойынша 18 онкология орталығы бар. Олардың барлығы толықтай медициналық жаңа құрал-жабдықтармен, атап айтар болсақ: емге қолданатын әртүрлі құрылғылар, сәулелі терапия, хирургиялық операция жасайтын аппараттар мен ем-дом жүргізудің сандық техникаларымен толықтай жабдықталды. Науқастардың онкология диспансерлерінде ем қабылдауы мен амбулаториялық жағдайда, яғни үйде жатып емделуіне де жіті көңіл бөлініп, бүгінде бұл мәселелер оң шешімін тауып отыр. Және мұның барлығы да тегін, 100 пайыз мемлекет есебінен жүзеге асырылды. Бұл, әрине, аталған бағдарламаның игілігі.

Жас казак: Аталған бағдарламада негізінен медицинаны ғылыми жағынан дамыту мен сапалы кадр дайындау мәселесі, ұлттық фармацевтиканы дамыту, медициналық құрал-жабдықтар мен дәрі-дәрмектің өз елімізде өндірілуі жайы да кенінен сөз етіледі. Бұл талаптарға ұлттық медицинамыз дәл қазіргі жағдайда қаншалықты деңгейде жауап бере алады?

Мұхтар Төлеутаев: Әрине, барлығы бірден болмайды. Бұл мәселеде де біраз уақыт пен ізденіс керек. Әзірге онкология саласы бойынша дәрі-дәрмекті толықтай өз елімізде өндіру мүмкін болмай отыр. Дәрілердің шамамен 80-90 пайызы шетелден жеткізіледі. Атап айтар болсақ: Ресей, Украина, Беларусь, Еуропа мен Балтық теңізі елдері, АҚШ, Израиль, Үндістан, Пәкістан және т.б мемлекеттердің өнімін тұтынудамыз. Онкологиялық ауруларды емдеуге бағытталған дәрі өндіру ісі енді-енді қолға алына бастады. Сол секілді онкологиялық орталықтардың құрал-жабдықтары мен ультра-дыбыстық және рентген аппараттары, компьютерлік томография, сызықшалы өткізгіш (*линейный ускоритель*) сынды ем-дом жүргізу аппараттарының барлығы дерлік Жапония, Корея, АҚШ және де жалпы Еуропа елдерінен әкелінеді. Болашақта бұл мәселелер өз елімізде толыққанды оң шешімін табатынына және толықтай отандық өнім арқылы жүзеге асырылатынына сенемін.

Жас казак: Соңғы кезде онкологиялық ауруларды анықтауда скринингтік тексеруді тиімділігі жайлы жиі айтылады. Скринингтік тексеру деген не және ол қалай жүзеге асырылады? Бұл тексеру әдісінің жалпы тиімділігі неде?



«Науқастардың онкология диспансерлерінде ем қабылдауы мен амбулаториялық жағдайда, яғни үйде жатып емделуіне де жіті көңіл бөлініп, бүгінде бұл мәселе оң шешімін тауып отыр. Мұның барлығы да тегін. 100 пайыз мемлекет есебінен жүзеге асырылды. Бұл, әрине, аталған бағдарламаның игілігі». Астана қаласы Онкология орталығының бас дәрігері Мұхтар Төлеутаев пен сұхбаттасқанымызда «Денсаулық» бағдарламасының оңды тұсын осылайша тізбектеп берді.

Мұхтар Төлеутаев: Скрининг дегеніміз – ауру белгі бермей тұрған сәтте диагноз қою, яғни ауырмаған адамның ауруын табу. Жалпы, сырқат адамға диагноз қоюда қиын жағдайлар кездеседі. Ондайда диагнозы күдікті рентген суреттерін бірнеше дәрігер бірігіп қарап, қосымша қандай зерттеу қажет екендігі жөнінде шешім шығарып, сырқаттануы ықтимал адамды шақырып, әрі қарай тексеру жүргізіп, толық ем қолдануға бағдарлама жасайды. Ауру бірінші, екіншісі сатысында анықталса, сырқаттанған адамға да, дәрігерлерге де, тіпті бюджетке де жеңіл болады. Мысалы, үшінші, төртінші сатыдағы сүт безінің обырына ұшыраған бір сырқат адамды емдеуге мемлекет 28 миллион теңгеден артық қаражат жұмсаса, ал бірінші, екінші сатысында көп болса 300-400 мыңдай

М.ТӨЛЕУТАЕВ:

«ДЕНСАУЛЫҚ» БАҒДАРЛАМАСЫ

АЛДЫН АЛУҒА ЖОЛ АШТЫ

тенге кетеді. Есептеніз, қандай айырмашылығы бар. Бұл ретте дәрігердің шақыруын күтудің қажеті жоқ. Оны белгілі бір жастағы адамдар өзі тіркелген емханада тегін өте алады.

Бұл тексеру жүйесі елімізде 2008 жылдан бастап қолға алынды. Ең алғашында жатыр мойны мен сүт безінің обырын анықтауда скрингтік тексеру жүргізілсе, 2010-2011 жылдары тоқ ішек пен тік ішектің ісігіне, одан ер адамдарда жиі белең алатын қуық асты безі, өңеш пен асқазан обыры, бауыр ісігінің алдын алу мақсатында скринг бағдарламалары іске қосылып, әр екі жыл немесе аурудың кейбір түріне 5 жыл сайын жүйелі түрде кешенді тексерулер жүргізіледі.

Жас казак: Онкологиялық дерттен толыққанды жазылып шығу аурудың нешінші сатысына дейін мүмкін?



Мұхтар Төлеутаев: Жалпы, онкологияның төрт сатысы бар. Ауру алғашқы екі сатыда анықталса, онда адамның 100 пайыз жазылып шығуына мүмкіндігі бар. Ал 3-ші немесе 4-ші сатысында жағдай қиындау. Толықтай жазылып шығуына кепілдік бере алмасак та, технологияның соңғы жетістігін пайдалана отырып, адамның жағдайын жақсартып, өмірін бірнеше жылға ұзартуға септесе аламыз. Бастысы, адамның өзіне, ішкі көңіл күйі мен өмірге деген құштарлығына байланысты. Мәселен, орталыққа келіп тіркеліп, жүйелі түрде ем-дом қабылдаудың нәтижесінде 20-30 жылға дейін өмірін ұзартып, жақсы өмір сүрген науқастарымыз бар. Тағы да қайталап айтамын, кез келген ауруды жеңіп шығу үшін адамның ішкі рухы, өмірге деген құлшынысы мықты болу керек. Сонда ғана оның қандай аурудан да айғырып шығуына мүмкіндігі бар. Өкінішке қарай, біздің елде адамдар өз денсаулығына немқұрайлы, тіпті өте салғырт қарайды. Жүйелі түрде тексерілмейді. Ауруы асқынып, жанына батқан кезде бір-ақ келеді де, сөйтіп, дәрігерлерді шарасыз күйде қалдырады. Белгілі бір уақыт аралығында өтіп тұруы керек тегін тексерулерге де келе бермейді. Тіпті кейде орнына басқа бір туысканың жіберіп, өзі тесерілуден шет қалған жағдайлар да кездесті. Бұл – адамның өзіне-өзі қастандық жасауымен бірдей. Соның салдарынан ауруы әбден асқынып кетеді де, емделуге келгенде барлығы кеш болып жатады. Өкінішке қарай, ондай жағдайда біздің қолымыздан етеңе келмей, шарасыз қаламыз. Сондықтан да барлық адамды өз денсаулығына немқұрайды қарамауға, уақытында тексеріліп тұруға шақырамыз. Сол үшін де біздің тараптан арнайы кездесулер ұйымдастырылып, бұқаралық ақпарат құралдарында да барынша жан-жақты ақпарат беріліп, халықты сауаттандыру жұмысы қазірге дейін қарқынды жүргізіліп келеді.

Жас казак: Адамның онкологиялық ауруға шалдығуына көп жағдайда оның ішкі көңіл күйі, мәселен, депрессия, жиі ұйымдашушылық және т.б әсер етеді деген сарындас тұжырымдарды жиі естиміз. Бұл қаншалықты рас?

Мұхтар Төлеутаев: Бұл пікірдің жаны бар. Себебі адамның көңіл күйі оның денсаулығына тікелей әсер етеді. Мәселен, себепсіз күйзеліске ұшырайтын адам

аурушаң келеді. Уайымшылық – тек қана гипертониялық қан-қысымның жоғарылауы, жүрек пен жүйесінің ауруларын ғана ушықтырмайды, онкологиялық аурулардың жиі белең алуының да тікелей себепшісі. Өйткені адамның ішкі әсері, көңіл-күйі – оның әр түрлі сырқат пен инфекцияға қарсы тұратын иммунитеті де. Уайымшылық, себепсіз күйзеліс сол иммунитетті әлсіретеді. Сондықтан да адам ағзасы айналасындағы вирустардың, инфекциялардың барлығын қабылдағыш, яғни аурушаң келеді. Жоғарыда атап өткенімдей, адам ағзасындағы әрбір өзгеріс пен құбылыстың қай-қайсысы да бір-бірімен тығыз байланысты, тізбектеліп жатады. Сондықтан да ежелгі ғұламалар мен ғалымдардың: «Себепсіз нәрсеге уайымдама, айналаңа сүйіспеншілікпен қара, кекшіл болма, үнемі күліп жүр» деген сөздерінің астарында үлкен мән бар. Күліп, жадырап жүрген адамның жанынан ауру да алшақ жүреді. Ал күйзеліс жандарға ауру да жабысқыш келеді. Сол себепті де адамның денсаулығы ең әуелі өзіне, оның ішкі эмоциялық көңіл күйіне тікелей байланысты. Күліп жүрген, көңілді жүрген адамды сырқат жеңбейді.



ҚАУІПТІ КЕСЕЛДІҢ АЛДЫН АЛУҒА ЖОЛ АШТЫ

Мұны ғалымдар да, психолог мамандар да әлдеқашан дәлелдеген.

Бұл жерде бір-ақ нәрсені айтқым келеді – денсаулық үшін тек дәрігер ғана жауапты болмауы керек. Әрбір адам өзінің денсаулығына алаңдап, үнемі көңіл бөліп отыруы, яғни әр адамның өзінің денсаулығына деген ынтымақты жауапкершілігі жоғары болуы қажет. Сонда ол адам ұзақ та бақытты, салауатты өмір сүреді. Сонда ауру азаяды!

Жас казак: Жалпы, онкологиялық аурулардан қалай сақтануға болады?

Мұхтар Төлеутаев: Жоғарыда айтып өткенімдей, мықты денсаулықтың ең әуелгі кепілі – көтеріңкі көңіл-күй. Ал нақты ғылыми-зерттеулерге сүйеніп қорытынды жасайтын болсақ, онкологиялық сырқатқа шалдығуға, біріншіден, темекі түтінінің құрамындағы зиянды заттардың әсері зор. Ондағы никотин, бензапирен сияқты көптеген химиялық заттар келешекте тек қана өкпе обыры емес, басқа да обырларға әкеліп соғуы мүмкін деп ғалымдар дабыл қағуда. Сондай-ақ адамның айрыс тамақтанбауы, артық салмақ қосуы, ашы, қуырылған, майлы тамақтарға шектен тыс әуестігі де асқазан, өңеш обырларына әкеліп соғуы мүмкін. Мәселен, Жапония мен Оңтүстік Кореяда асқазанның обырына шалдыққандар саны өте көп. Әйтсе де, ол елдерде адамның орташа өмір сүру деңгейі жоғары. Әсіресе, жапондар көп өмір сүреді. Себебі олар уақытында тексеріліп тұрады. Біз де кешіктірмей, дер кезінде келгендерге үлкен кесу жасамай, сылып алып тастау арқылы күрделілігі әртүрлі деңгейдегі ота жасаймыз. Ондайлар тез сауығып кетіп жатады. Яғни салауатты өмір салтын ұстану және уақытында дәрігерге көрініп, ем қабылдау – бұл, біріншіден, толықтай жазылып шығу мүмкіндік береді. Екіншіден, науқастың диагнозы сырқаттың ең бастапқы сатысында анықталса, ол мемлекет тарапынан бөлінетін қаржы шығынын азайтады. Мәселен, адам ағзасындағы енді ғана пайда болған бір-екі миллиметрлік ісікті алып тастауға көп қаражат кетпейді. Оған небәрі 15-20 минуттық, ары кетсе, жарты сағаттық операция жеткі жетеді. Ал уақыты өтіп кеткен сырқаттың алдын алу үшін әртүрлі ем-дом, химиялық терапия жолымен емдеу әдістері қолданылады. Мұндай ем түрлері ағзаны сауықтырып қана қоймай, керісінше денені



улайды да. Яғни адам емді ауыр өткереді. Оның үстіне, химиялық терапия дерттен толықтай жазылып шығуға кепілдік бермейді. Бар болғаны адамның жасын біршама жылға дейін ұзартуға ғана септесе алады. Қысқасы, адам өзіне-өзі немқұрайдылық танытпай, уақытында дәрігерге қаралуы керек. Елбасы да осы мәселеге көп көңіл бөліп келеді. Денсаулық адамның өзіне, жақын туыстары мен балаларына керек. Сондықтан, уақытында диагноз қойылып, уақытында дәрігерге көрініп, уақытында ем-шара қолданылса, адамның сырқаттан құлан-таза айғып кетуіне толықтай мүмкіндігі бар.

Жас казак: Жоғарыдағы бір сөзіңізде: «Халық арасында арнайы кездесулер мен БАҚ арқылы түрлі ағарту шараларын ұйымдастырып халықты онкологиялық ауру жайынан барынша ақпараттандыруға, сақтандыруға, дерттің алдын алуға бағытталған жұмыстар атқарып жатырмыз» деп атап өттіңіз. Бүгінде содан нәтиже бар ма? 5-10 жыл бұрынғы статистикамен салыстырғанда онкологиялық аурушаңдық деңгейінің төмендеуі байқала ма?

Мұхтар Төлеутаев: Ауру айтып келмейді. Бірақ уақытында ем қабылдау халықтың өмір сүру жасын белгілі

бір деңгейде ұзартады. Мәселен, Еуропаның дамыған елдерін, болмаса АҚШ, Жапония, Корея, Израиль сынды мемлекеттерді алып қарайық. Оларда аурушаңдық әлдеқайда жиі байқалады. Сол секілді өмір сүру ұзақтығы да біздің елмен салыстырғанда әлдеқайда жоғары. Неге? Себебі ол жақта ісіктің диагнозы ерте қойылады. Яғни аурудың бірінші және екінші сатысында қойылатын диагноз көлемі 75-80 пайызға дейін барады. Ал бізде бұл көрсеткіш бүгінгі таңда әлі толықтай тұрақтанған жоқ. Бірақ бірте-бірте жақсарып



«Екінші себебі қатерлі ісіктерден болатын өлім-жітім болып табылады (12,1%), олардан жыл сайын 17 мыңға жуық адам қайтыс болса, олардың 16,9%-ын өкпе обыры құрайды. Қатерлі ісіктерге шалдығу көрсеткіші 9,7%-ға ұлғайған (2010 жылы – 100 мың тұрғынға шаққанда 181,2, 2014 жылы – 198,7)»

(ҚР денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасынан)

келеді. Мысалы, осыдан 7-8 жыл бұрын аурудың бірінші және екінші сатысында қойылатын диагноз көрсеткіші 47 пайыз болса, міне, осы жылдың соңғы көрсеткіштері – 57 пайыздан асты. Бұл жанағы өзіңіз айтып отырған ағарту жұмыстарының нәтижесі деп айтуға болады. Әйтсе де, уақытын өткізіп алып келіп жатқан адамдар саны да азаяр емес. Қазір осы жолда бірқатар жұмыс атқарылып жатыр. Адамның орта жасы неғұрлым көбейген сайын, соғұрлым бұл сырқат та жиі кездеседі. Өйткені өмірдің заңдылығы сол. Онкологиялық дертке көбінесе жасы ұлғайған адамдар шалдыққыш келеді. Мәселен, біздің сараптамамыз бойынша, ең көп сырқат кездесетін кезең – 60-80 жас аралығы екен. Яғни ісіктің салдарынан болатын өлім көрсеткіші осы жас аралығында әлдеқайда жоғары болып келеді. Сондықтан біз қоғам болып, дәрігерлік, медициналық қоғамдастық болып, сол жастағы адамдардың денсаулығына көбірек көңіл бөлсек, уақытында диагноз қойылып, операция жасалып, сапалы ем-дом шаралары

көрсетілсе, онкологиялық аурулардан туындайтын өлім-жітім санын азайтуға, адамдардың неғұрлым ұзақ та сапалы, сәнді өмір сүруіне мүмкіндік тудыруға болады.

Жас казак: Ал енді кадр мәселесіне тоқталсақ. Бұл саладағы маман мәселесі қалай шешіледі? Мамандардың біліктілігін арттыру мақсатында шетелдік білікті медицина орталықтарымен қандайда бір тәжірибе алмасу, біліктілік арттыру жұмысы жүргізіліп тұра ма?

Мұхтар Төлеутаев: Кадр мәселесі 95-97 пайыз қамтамасыз етілген деп айтуға болады. Қазіргі кезде бізде екі-үш саладағы маманның ғана тапшылығы байқалады. Қалған саланың барлығы қалыпты. Мәселен, диагностика саласында морфология деген бар. Соған байланысты бізде морфологтар жетіспейді. Ал сәулелі терапиямен емдейтін дәрігердің мәселесі енді шешіліпті отыр. Ал қалған мамандар бізде толық қамтамасыз етілген. Дәрігерлердің білімін арттыруға қай кезде де жіті назар аударып келеміз. Шетелден білікті мамандар шақырып, көптеген шеберлік кластарын өткізу де жұмысымыздың басты қағидасына айналған. Дәрігерлеріміз Еуропада, Израильде, Ресейде, Оңтүстік Кореяда білім жетілдіру курстарында оқып, тәжірибе алмасып, сол үйренгендерін біздің диспансерде қолданып жүр. Шетелден арнайы шақырылған мамандардың қатысуымен тәжірибелер жүргіземіз. Біздің орталықта еліміздің басқа онкологиялық орталықтарында жасалыпбайтын операция жасалады. Мысалға бас пен мойын аумағында ісіктер болады. Ауыз қуысы, жақ сүйегінің ісігі, тілдің, еріннің ісіктеріне жасалатын микрохирургиялық оталар кез келген елде жасалыпбайды. Түркия, Жапония, Үндістан, Корея сынды санаулы елдерде ғана жасалатын мұндай ота түрлері біздің орталықта жасалады. Бүгінгі заманға сай эндоскопиялық ота түрлері менгерілген. Әлемнің медицинасы дамыған елдерінің озық тәжірибелерінің барлығын өз тәжірибемізде барынша пайдалануға сәтті тапшыныс жасалауда. Жыл сайын халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізіліп, алыс-жақын шетелден келген білікті мамандармен, ғалымдармен бірлесіп жүйелі түрде жұмыс істеп келеміз. Мұның барлығы Қазақстандағы медицина ісін алға оздыруда зор маңызға ие қадамдар саналады. Биыл да ондай іс-шаралар көптеп ұйымдастырылды. Бұрындары тек шетелдерге жасалынатын күрделі операциялар қазір біздің елде де жасалауда. Қазақстанның барлық өңірінен жыл сайын 2 мыңнан астам адам келіп ем алады. Медицинаға қатысты заңдар мен бұйрықтардың негізінде, бірыңғай денсаулық сақтау жүйесіне сай оларға тегін медициналық көмек көрсетіліп келеді. Сондай-ақ қазір тексеруден өткен сырқат адамның сырқатнама көшірмесін орталыққа электронды түрде де жіберуге мүмкіндігі бар. Бірақ мәселе дәрігер шешім шығарып, соның арқасында науқас белгіленген күні емханаға келіп, қажетті ем-домын қабылдай алады.

Жас казак: Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау саласын дамытудың негізгі тиімділігі неде?

Мұхтар Төлеутаев: Бұл бағдарлама негізінен 2010 жылдан, яғни «Саламатты Қазақстан» бағдарламасы басталған кезден бастады. Оның негізгі тиімділігі – еліміздің кез келген азаматы өзінің қалауы бойынша емдеу орнын тандап, қалаған дәрігерінен тегін ем қабылдау мүмкіндігіне ие. Міне, қазір осы мәселеге қатысты бірқатар жұмыс атқарылу үстіне. Мәселен, біздің орталық Астана қаласы әкімдігінің құзырында. Яғни біз Астана қаласы әкімдігінің онкологиялық орталығы деп аталамыз. Бірақ соңғы 7-8 жылдың ішінде біздің орталыққа келіп емделушілердің ауқымы да, географиясы да кеңейіп, еліміздің түкпір-түкпірін айтағанда, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан сынды көршілес елдерден де азаматтар келіп, тиісті ем-домын қабылдауға мүмкіндігіне ие болды. Яғни біздің орталыққа өзге аймақтардан келіп емделушілердің саны бүгінде 25-42 пайызды құрайды. Еліміздегі медицина саласына енгізілген бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесі іске асқанның арқасында бүгінде осындай жетістіктерге жетіп отырмыз.

Жас казак: Әңгімеліңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Назерке РЫМБЕКҚЫЗЫ, Астана

Дені саудың – жаны сау

Бүгінге дейін ЖИТС әлем бойынша 35 миллионнан астам адамның өмірін жалмады. Бір жылдың ішінде АИТВ (*адамның иммун тапшылығы вирусы*) 1 миллионнан астам адамның өмірін қияды. Тек 2016 жылы ғана жер бетінде 1,8 млн адам АИТВ-ға шалдықты. Сондықтан ем-домға дес бермейтін осы індетті 2030 жылға қарай түпкілікті жою – БҰҰ-ға мүше елдер 2015 жылы бірауыздан мақұлдаған Тұрақты даму мақсаттары тізіміндегі маңызды міндеттің бірі.

Біздің елімізде де АИТВ/ЖИТС-ке қарсы күрес ешқашан назардан тыс қалған емес. Соның нәтижесінде ел ішінде жаппай таралуына жол берілмей келеді. 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасында бұл туралы былай делінген: «Қолға алынған іс-шаралардың нәтижесінде АИТВ жұқпасының эпидемиясын концентрациялық деңгейде ұстап тұруға қол жеткізілді. Бәсекеге қабілеттіліктің жаһандық индексында еліміз «АИТВ-ның 15-49 жастағы топ ішінде таралу көрсеткіші» жағынан 1 орындағы елдер тобына енді».

Біздің елімізде жыл сайын қарашаның ортасынан желтоқсанның 15-не дейін арнайы науқан ұйымдастырылады. «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде, Салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелері ұлттық орталығының ұйымдастыру-әдістемелік жетекшілігімен ел аумағында бір ай бойы түрлі іс-шаралар өткізіледі.

Быыл да ЖИТС-ке қарсы «Менің денсаулығым, менің құқығым» ұранымен іс-шаралар басталып кетті. ЮНЭЙДС ұйымының бастамасымен өтетін дүниежүзілік науқан бүкіл азаматтардың, соның ішінде АИТВ жұқпасымен өмір сүретін және АИТВ-ға ұшыраған жандардың денсаулық құқығын насихаттауға арналады. «Дені сау болуына әр адамның құқығы бар. Бұл кез келген тұрғын еш бөліп-жарусыз кәсіби медициналық жәрдем алуы тиіс деген сөз. Дүниежүзілік іс-шара сырқат адамның денсаулық құқығы - сапалы медициналық қызмет пен дәрі-дәрмекке кепілді қолжетімділігі екенін еске салады. Біз АИТВ-инфекциясымен өмір сүретін жандардың осы құқығын пайдалануы үшін қолдан келгеннің бәрін жасаймыз», — дейді республикалық ЖИТС-тің алдын алу және онымен күрес орталығының бас директоры Бауыржан Байсеркин.

Бір айдың ішінде түрлі акциялар, тренингтер, дөңгелек үстел, флэшмоб және басқа да шаралар өтеді. Аймақтардағы ЖИТС-тің алдын алу және онымен күрес орталықтары ашық есік күндерін өткізіп, медицина қызметкерлері АИТВ инфекциясын жұқтыру жолдары мен одан сақтану жайында егжей-тегжейлі айтып береді. Осы уақыт аралығында ЖИТС орталықтарының жылжымалы зертханасы жұмыс істейді. Оған кез келген адам бас сұғып, шұғыл тестілеуден тегін өте алады. Студенттер мен бизнес-құрылым қызметкерлері арасында да «АИТВ-ге тест тапсыр» акциясы ұйымдастырылады.

Елімізде жыл сайын АИТВ жұқпасын тестілеуден 2 миллионнан аса адам өтеді. Алдыңғы жылдары өткізілген тестілеу нәтижесі аландаушылық туғызбай қоймайды. Мәселен, 2015 жылы Астанада АИТВ жұқпасына шалдыққандар негізінен 20-39 жастағылар екені анықталды. Олардың 70 пайызы жыныстық қатынас арқылы жұқтырған. 46 пайызы - нәзік жандар.

АИТВ жұқпасына шалдыққанын адам өздігінен біле алмайды. Ол өзге сырқат түрінде көрінеді. Дәрігерлердің айтуынша, көбіне тұмауға шалдыққандай белгілер пайда болады. Одан кейінгісі адамның ағзасына байланысты. Тіпті катерлі ісік пен құрт ауруына да ұласып жатады. Сол себепті де кез келген сырқат ең алдымен АИТВ/ЖИТС тестілеуінен өтуі тиіс.

Бүгінде осы індетті жұқтырудың ғылыми түрде дәлелденген үш жолы бар. Қан арқылы, жыныстық қатынас және анадан балаға. Осылардың ішінде алдыңғы орында тұрғаны — жыныстық қатынас арқылысы.



Бұл арада мына жәйтті ескерген жөн: бойынан АИТВ табылған адамға оның диагнозы жеке өзіне ғана айтылады. Әрі бұл емдеуден бас тартуға болмайтын ауру түріне жатады. Сырқатқа жауапкершілік жағы ескертіліп, оны диспансерлік есепке қояды. Онымен эпидемиолог, психолог, әлеуметтік қызметкер жұмыс істейді. Ал емдеуден қашқалақтаса, бұл жайында құқық қорғау орындарына хабарланады. Себебі АИТВ/ЖИТС-ке шалдыққан бір адам өзімен қоса, жүздеген адамның өміріне қауіп төндіретіні белгілі.

Сырқатқа медициналық қызмет пен қажетті дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету ету тегін медициналық көмектің кепілді көлемі шегінде көрсетіледі. Сондай-ақ әлеуметтік және құқықтық қорғауды да мемлекет қамтамасыз етеді. Жұмыстан шығару, балабақша мен мектепке қабылдаудан бас тарту сияқты әрекеттерге жол берілмейді. Бір сөзбен айтқанда, АИТВ/ЖИТС-ке шалдыққан жандарға мемлекет тарапынан барынша көмек көрсетіледі.

БЕЙРЕСМИ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҮЛЕСІ

Еліміздегі бейресми ұйымдар АИТВ/ЖИТС-ке қарсы күресте алдыңғы қатарда келеді. Олар қолжетімді

Жұқтырылған иммун тапшылығының синдромын (ЖИТС) жою — дүниежүзінің денсаулық саласында шешімін таппай отырған күрделі мәселенің бірі. «XXI ғасырдың обасы» деп аталып кеткен бұл аурудың емі өлі күнге дейін табылған жоқ. Оны жұқтырып алмауға ешкім кепілдік те бере алмайды. Жас-көрі демей тап беретін тажалға қарсы табанды түрде күресуден басқа амал жоқ.



ТАЖАЛҒА ҚАРСЫ ТАБАНДЫ КҮРЕС

медициналық емдеу, медициналық-әлеуметтік күтім, қызмет көрсету аясын кеңейту, қоғамнан шет қалған және мемлекеттік құрылымдармен байланысқа шығудан бас татқан жандарға қолдау көрсетуде өз тиімділігін дәлелдеді.

ЖИТС-пен күресте қоғамдастық бел шешіп кіріссе, одан ешкім ұтылмайды. Бейресми ұйымдар науқас жандар мен қауымдастық атаулының мұқтаждығын біліп қоймай, шұғыл түрде шара қолдана алады. Елдегі түрлі комитеттер мен комиссиялар АИТВ жұқпасының алдын алу және АИТВ-ға шалдыққан адамдарды елемеге сияқты жағымсыз құбылыстарды болдырмауға арналған бағдарламаларды

атынан ұлттық деңгейде сөйлей алатын екі ұйым бар. Бірі — «ВӨС (*вируспен өмір сүретін*)» адамдардың Орталық-Азиялық қауымдастығы» ЗТБ (*заңды тұлғалар бірлестігі*) және «АИТВ-мен өмір сүретіндердің қазақстандық одағы» ЗТБ.

Алғашқысы 2009 жылы құрылған. Мақсаты — ВӨС-ді медициналық және әлеуметтік жәрдеммен қамту, оларды қоғамға белсенді мүше есебінде кіріктіру. Екінші ұйым 14 бейресми ұйымның басын қосады. АИТВ-ға шалдыққандардың сапалы өмір сүруін қамтамасыз ету, сондай-ақ аурудың алдын алу, емдеу, күтім жасау және қолдау көрсетуде үкімет, қоғам және бизнеспен ұзақ мерзімді ынтымақтастық орнату үшін 2005 жылы құрылған. Бейресми ұйымдар Денсаулық сақтау министрлігімен, салалық департаменттермен (*АИТВ, туберкулез т.б.*),

мемлекеттік ғылыми-тәжірибелік орталықтар мен институттар, ЖИТС-тің алдын алу және онымен күресу республикалық орталығы, сондай-ақ БҰҰ (UNAIDS, UNDP, UNODC, UNICEF), АҚШ-тың халықаралық даму агенттігі (USAID), Ауруды бақылау орталығы (CDC), халықаралық бейресми ұйымдармен (PSI, AFEW) тығыз байланыста жұмыс істейді.

АИТВ/ЖИТС-ке шалдыққанды қоғамнан аластату адам құқығын аяққа таптау ғана емес. Сонымен бірге қауіпті аурудың таралуына ықпал ететін фактор.

«Орталық Азиядағы ВӨС (*вируспен өмір сүретіндер*)» ұйымы екі форум өткізді. Ондағы мақсат — аймақтағы ВӨС қоғамдастығын біріктіру және мобилдендіру, қызметті жоспарлау, серіктестік байланысты кеңейту. Біздің тағы бір бастамамыз АИТВ-ға қатысты ұлттық саясаттарға гендерлік талдау жүргізу болып табылады. Екі жыл ішінде АИТВ-мен өмір сүретін әйелдерге қолдау көрсетуге арналған ұлттық желі бағдарламасын әзірлеу жөнінде тренинг пен вебинарлар ұйымдастырылды. АИТВ-ға шалдыққан әйелдердің көрген теперішін баяндайтын «Өмір сүретін әйел» деректі фильмі түсірілді.

Қазақстан ВӨС одағының жобалары АИТВ жұқпасы эпидемиясына қарсы бағытталады. Соның бірі — «Зиянды азайту үшін қаржымен қамтамасыз етіңдер!» де аталатын маңызды жоба Еуразия зияндылықты төмендету желісінің қолдауымен жүзеге асты. Оның негізгі мақсаты — балама терапияны қолдайтын бағдарламаға мемлекет тарапынан қаржылай көмекті қамтамасыз ету. Осы жобаны іске асыру барысында інмен есірткі салатындар еліміздің он шақты қаласында өткен баспасөз мәслихатында, қоғамдық тыңдауларға қатысты. Бұл балама терапияға деген қоғамның көзқарасын өзгертуге бағытталды. Семіну, тренинг, аймақтық кездесулерден басқа, «Ұлттық есеп; стратегиялық қаржыландыру пайдасына айтылатын дәлелдер»,

«Халықаралық қаржыландырудан ұлттық қаржыландыруға өту жөніндегі елдік ұстаным», «Зияндылықты төмендету бағдарламасы мониторингін және қызмет сапасының есебі» сияқты құжаттар әзірленді. Інмен есірткіні пайдаланатын адамдар (ИЕПА) қоғамдастығының өкілдері жергілікті бюджетті құру жөніндегі мемлекеттік құрылымдар тобына сарапшы есебінде кірді.

Ұйымның тағы бір маңызды жобасы «Қазақстандағы үкіметтік емес ұйымдардың базасында АИТВ-ны экспресс-тестілеуге қолжетімділік» деп аталады. Бұл жоба аты айтып тұрғандай, бейресми ұйымдардың базасында АИТВ-ны шұғыл тестілеу бойынша қызмет көрсетуге арналды. Бүгінде елімізде бейресми ұйымдар базасында мұндай тестілеу жүргізудің құқықтық негіздемесі жоқтың қасы. Ал шындығында, осы арқылы АИТВ-ға тест тапсыру көлемін ұлғайтуға болар еді. Қазір Еуропа мен Орталық Азияда орта есеппен алғанда, әрбір үшінші адам өзінің АИТВ-ға ұшырағанынан бейхабар. Мұндай тестілеуді бізде тек ЖИТС орталықтары ғана жүзеге асыра алады. Әрине, мұндай орталық әр облыс орталығында бар. Бірақ кез келген адам оған баруға асықпайды. Ал бейресми ұйым — анағұрлым ашық болғандықтан, көбірек сенімге ие. Көп аймақта қазір АИТВ-ға шалдығу қаупі зор топтарға қолдау көрсетуге арналған жобаларды

◆ ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

АИТВ ДЕГЕН НЕ?

АИТВ (адамның иммун тапшылығы вирусы) — АИТВ-жұқпасының вирусын тудыратын өте ұсақ вирус. Адам ағзасына вирустың (АИТВ) өнуі ағзаны ісікті жасушалар мен патогендерді төңестіріп және жоя отырып, адам ағзасын аурулардан қорғауды қамтамасыз ететін иммун жүйесінің бұзылуына және әлсіреуіне әкеліп соқтырады.

ЖИТС ДЕГЕН НЕ?

Ағзаның иммун жүйесінің әлсіреуі нәтижесінде адамның иммун тапшылығы синдромы (АИТВ), ЖИТС ауруын тудыратын — оппортунистік деп аталатын жұқпалы ауру пайда болады.

Елімізде 2017 жылдың 10 айында: АИТВ-инфекциясының 2355 жағдайы тіркелді.

Соның ішінде:

Ерлер — 1420

Әйелдер — 935

АИТВ сыртқы ортаға тезімсіз. 560С кезінде 10 минут ішінде әсері басылады, барлық дезинфектанттарға сезімтал.

АИТВ-инфекциясын жұқтыру:

- жыныстық — гетеросексуалдық және гомосексуалдық қатынастар кезінде;
- парентеральдық — тері бетінің, шырышты қабаттардың толыққандылығының бұзылу кезінде қанмен және оның компоненттерімен;
- перинатальдық (анадан балаға берілу) — жүктілік, босану, емізу кезінде

АИТВ мына жағдайларда жұқпайды:

- тамақ өнімдері арқылы
- қол алысқанда
- жетелгенде, түшкіргенде
- бассейнге, саунаға, дәретханаға барғанда
- жеңдіктер шаққанда
- ыдыс, киім, іш киімдер арқылы
- беттен сүйгенде

Дереккөзі: ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі республикалық орталық



жүзеге асыратын үкіметтік емес ұйымдар белсенді жұмыс істейді. АИТВ-ны тестілеу осындай жобалардың тиімділігін арттыратыны сөзсіз. Мәселен, Өскемендегі «Answet» қоғамдық қоры жеті жылдан бері АИТВ-ға ұшырау қаупі зор топқа кіретіндермен, яғни есірткі қолданатындар, жезөкшелікпен айналысатындар және АИТВ-ға шалдыққандармен жұмыс істейді. Бірақ қандай да бір маңызды қызмет түрлеріне келгенде қиындық көреді. Біздің қызметкерлерге «АИТВ тестілеу жасай аласыз ба» деген сауал жиі қойылады. Айталық, есірткі қолданатындар тестілеуден өту үшін ЖИТС орталығына аттап баспайды. Ал негізінде олар әлгіндей тестілеуден өтуге қарсы емес. Бейресми ұйымдар базасында экспрес-тестілеуден өткізу көп адамға кәсіби түрде кеңес алуға, қорықпай тестілеуден өтуге мүмкіндік берер еді. Кез келген бейресми ұйымның басты артықшылығы — ол кіммен болса да тең дәрежеде жұмыс істеуі. Барлық мамандар арнайы семинар мен тренингтен өткен.

Қорыта айтқанда, адамзатқа зор қауіп төндіретін XXI ғасыр індеті — АИТВ/ЖИТС-ті енсеру үшін біріміз бірігіп күресуіміз қажет.

Нүрәлі АМАНЖОЛОВ,
«АИТВ-мен өмір сүретін адамдардың Орталық Азия қауымдастығы» ЗТБ төрағасы

10 ЖҰҚ РҰХАНИЯТ

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Мәдени саясат

МӘДЕНИ ҚЫЗМЕТ

Мәдени саясат тұжырымдамасының жобасын әзірлеуге елдің жетекші мәдениеттанушылары мен өнертанушылары, мәдениет ұйымдарының қызметкерлері, шығармашылық одақтар, бір сөзбен айтқанда, нағыз жанаһыр жандардың тартылғаны мәлім. Алға күрделі міндет қойылды. Еліміздің мәдени саясатын ұсынумен шектелмей, оның дамуына жана серпін, халықтың бәсекеге қабілетті мәдени ментальдігін қалыптастыру тетіктерін көрсету қажеттілігі туды. Тұжырымдама жобасын талқылау кезеңі шығармашылық ізденіске толы болды.

Осы тарихи құжатқа сәйкес, репертуарлық саясатты реттеп, күшейту

2014 жылы Президент Жарлығымен тарихымызда тұңғыш рет Қазақстан Республикасындағы Мәдени саясат тұжырымдамасы бекітілді. Құжатқа сәйкес, саланы дамытудың шешуші бағыттары түгелдей жаңғыртылды. Әрбір өңірдің мәдени әлеуетін бренд ретінде ілгерілетуге арналған негізгі туристік-мәдени кластерлер анықталды. Тұжырымдама қабылданғалы үш жыл өтті. Осы уақыт ішінде еліміздің мәдени саласында қандай өзгеріс-жаңалықтар болды? Не нәрсеге қол жеткіздік? Жуырда Парламент Мәжілісіндегі Үкімет сағатында мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы егжей-тегжейлі есеп беріп, Мәдени саясат тұжырымдамасының орындалу барысына тоқталды.

деректі фильмдері түсіріліп бітуге жақын. Оған BBC WorldNews беделді халықаралық телеарнаның үздік мамандары тартылды. Америкалық Castlefilm компаниясымен бірлескен «Көшпенділер жері» фильмінің түсірілімі аяқталды. Онда Марк Дакасқостың қатысуымен еліміздегі киелі орындары мен көшпенділер өмірі баяндалады.

Алдағы уақытта бұл фильмдер 700 миллионнан астам көрерменді камтитын Discovery, Viasat history және «NationalGeographic» телеарналарында көрсетілетін. Демек біздің еліміздің бай мәдени мұрасы мен киелі орындарын бүкіл әлем осы фильмдер арқылы тамашалай алады.

ЮНЕСКО-МЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Мәдени саясаттағы басымдықтың бірі — қазақстандық мәдениеттің әлемдегі мәртебесін нығайту. Отандық мәдениет пен өнерді әлемнің



«Таңбалы» тас

бөлігі, сондай-ақ Отырар, Сауран, Сығанақ, Сарайшық, Жанкент, «Ұлытау тарихи-мәдени ландшафт ескерткіштері», «Беғазы-Дәндібай металитикалық кесенелері», «Елшікөлмес» петроглифтері және т.б. тарихи нысандарды енгізу жөнінде өтініш берілді.

Ынтымақтастық аясын кеңейтуді жалғастыра отырып, министрлік алғаш рет 2015 жылы Алматыда «Мемлекеттік кітап мұражайы» базасында Мәдениеттерді жақындастыру орталығын құрды. Оған қосымша қаржының қажет болмағанын айта кету керек.

болатын. Жуырда құжат жобасы Мәжілістің қарауына жіберілді. Бұл заң жобасы жетекші киноөндіруші елдер (Ресей, Франция, Қытай, АҚШ және т.б.) тәжірибесін есепке алып дайындалды. Үш жыл бойы заң жобасы сарапшылар, жалпы осы нарықтағы мамандар арасында қызу талқыланды.

Министрдің айтуынша, заң жобасы әлі де кенінен талқыланады.

ОТАНДЫҚ КИНО НАРЫҒЫ

Бүгінде адамды оқитын кітабы, көретін фильмдері, тыңдайтын әндері, өмір сүріп жатқан айналасы тәрбиелейді. Сондықтан, мәдениеттің сапалы өнімін әзірлеу, дұрыс құндылықтарды қалыптастыру өте маңызды. Мәдени саясат тұжырымдамасын жүзеге асыруда отандық кино нарығын дамыту ісі де шет қалған жоқ.

«Отандық кино нарығы жанданып келеді. Елімізде 93 кинотеатр, 247 кинозал бар. Оларда жыл сайын 520 мыңнан астам кино көрсетіліп, 11,3 миллионнан астам адам бас сұғалы. Прокаттағы отандық киноның үлесі 6 пайызды құрайды. Ал киноөндірісі туралы айтсақ, 2014 жылдан бастап министрліктің қатысуымен 194 кинокартина шығарылды. Үш жылдың ішінде 200-ден астам фильм 48 елде өткен 150 халықаралық кинофестиваль мен кинокөрсетілімге қатысты. 100-ден астам жүлдені иеленді. Сондай-ақ ұлттық кино халықаралық коммерциялық прокат нарығына белсенді түрде еңдей бастады. Біздің кино саясатымыз еліміздің

МӘДЕНИЕТІ ДАМЫҒАН ЕЛ ӨРКЕНИЕТ КӨШІНЕН ҚАЛМАЙДЫ

мақсатында елімізде өнердің түрлі саласы бойынша бұрын болмаған 13 көркемдік кеңес дүниеге келді. Бұл — театр, музыка, цирк, хореография өнері, киноөндіріс, музей, кітапхана ісі, археология, қорық-музейлер, көркемсурет, сәулет, дизайн өнері, әдебиет және кітап шығару жөніндегі кеңестер. Осы кеңестер белгілі мәдениет қайраткерлерінің қатысуымен жыл сайын өткізіліп, мәдениет және өнер саласын дамыту бойынша өзекті мәселелер мен олардың шешу жолдарын талқылайды.

2014 жылы мемлекет басшысының тапсырмасымен Елордамызда тұңғыш рет Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі ашылып, бүгінде оның мәдениет пен ғылымның үлкен орталығына айналғаны қуантпай қоймайды.

Елімізде мәдени қызметке деген ерекше сұраныс артып келеді. Осы орайда мәдениет министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы мынадай дерек келтірді: тек соңғы төрт жылдың ішінде елдегі мәдениет ұйымдарына келушілердің саны 3 еседен аса өсіп, әр жыл сайын 13 млн адам келіп отырған. Тұрғындардың көрсетілген қызмет сапасына қанағаттану деңгейі 80,3 пайызды құрайды.

КИЕЛІ МҰРА

Біздің еліміз тарихи-мәдени мұраға бай. Бірегей мәдени нысандар және тарихи ескерткіштер, мінежат орындары жеткілікті. Осы орайда Мәдени саясат тұжырымдамасы барлық ресурстарды біріктіру, бүкіл құралдарды қолдану және бәсекеге қабілетті мәдени ортаны қарқынды дамытуға жағдай жасауды көздейді.

Жобаны тиімді жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі жанынан «Касиетті Қазақстан» өлкетануды дамыту орталығы және ең білікті мамандарды біріктірген «Туған жер» Қазақстан өлкетанушылар бірлестігі құрылған. Айта кету керек, үстіміздегі жылдың мамыр айында жобаның алдына қойған міндеттерін белгілеп алу мақсатында барлық өлкетанушылардың қатысуымен І республикалық форум өтті.

Киелі орындарды анықтау және зерттеу мақсатында ғалымдардың қатысуымен Қазақстанның барлық өңірлеріне, яғни алты бағытта (солтүстік, батыс, шығыс, оңтүстік, орталық, оңтүстік-шығыс) экспедиция ұйымдастырылды. Жалпыұлттық маңызы бар 100, жергілікті маңызы бар 500 киелі жердің тізімі жасалды және жүйеленді. Тізімді толықтыру жұмыстары алдағы жылдары да жалғасады.

Жалпы алғанда, Қазақстанның киелі мұраларына деген қызығушылықтың күрт артқаны байқалады. Өйткені, бүгінде бұл шараларға мемлекеттік органдар емес, ғылыми-зерттеу институттары мен жастар белсенді араласады. Өз кезегінде ақпарат құралдары осы тақырып бойынша жан-жақты мәліметтер

беруде. Киелі орындар мол шоғырланған республикалық «Ұлытау», «Отырар», «Танбалы» тарихи-мәдени музей-қорықтарының туристік тартымдылығын жақсарту мақсатында Сапар орталықтарын салу жұмыстары жүргізілуде. Мәдениет министрінің айтуынша, бұл әлемдік тәжірибеде бар. Мұнда туристерге қажетті барлық инфрақұрылымдар — кафе, сувенир дүкендері, шеберханалар, конференц залдар және т.б. жұмыс істейді. Ендігі міндет — коворкинг орталықтары тәрізді ғылыми, білім беру, танымдық, демалыс орталықтарын құру. Министрлік жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, еліміздің солтүстік және батыс өңірлерінде, Астана қаласында мәдени-туристік кластерді дамыту мақсатында «Бозоқ», «Ботай» және «Сарайшық» музей-қорықтарын құру жөнінде жұмыстар жүргізіп жатыр. Бұл ұйымдарды құру мемлекеттің бюджетіне қосымша салмақ салмай, министрліктің бөлінген қаржысы есебінен жүзеге асады.

2014 жылдан бастап барлығы 100-ден астам маңызды тарих және мәдениет ескерткіштері қалпына келтіріліп, реставрацияланды. Музей-қорықтарды құру ғылыми-зерттеу, консервациялық, археологиялық, ағартушылық бағдарламаларды орындау үшін, туристерді



«Бүгінгі күні мәдениет пен мәдени әлеуетті дамыту өлем халқы мен мемлекеттерінің көпшілігінің аса маңызды даму басымдықтарының қатарына кіреді. Мәдениеттің даму деңгейі, ұлттық және өлемдік мәдени мұраны сақтап қалу мен байытуды, сапалы мәдени құндылықтардың жасалуын, таратылуы мен қолданылуын, жемісті мәдени алмасу мен тұлғаның рухани-шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетуін қамтамасыз ететін, тиімді жұмыс істейтін мәдени институттар инфрақұрылымы мен тетіктерінің болуы табыстың аса маңызды критерийлерінің бірі болып табылады»

(Қазақстан Республикасы Мәдени саясат тұжырымдамасынан)

қызықтыру бойынша бәсекеге қабілеттілікті арттыру мен болашақ ұрпаққа бірегей ескерткіштерді сақтап қалуға мүмкіндік береді.

ҒЫЛЫМИ-ДЕРЕКТІ ФИЛЬМДЕР

Мәдени саясат тұжырымдамасына сәйкес, отандық анимацияны дамытуда соңғы жылдары біраз жұмыс атқарылды. Бұл — қазақстандықтардың жаңа буынын қалыптастырудың ең әсерлі және қолжетімді құралы. Өскелен ұрпақ ұлт мәдениеті мен өнерінен сусындап, салт-дәстүрін ардақтап, атакты тұлғаларды ұлықтай білуі керек. Қазақ батырлары, сұлтандары, ұлттық кейіпкерлері өзінің көркемдік орындалуын анимация мен кинематография арқылы алып, жалпақ жұртқа үлгі-өнеге бола алады. Бүгінде анимациялық фильм жасауға ерекше көңіл бөлініп отыр. Алғаш рет Қазақ хандығының 550-жылдығына

орай толықметражды анимациялық «Қазақ елі» фильмі дүниеге келді. Ол Франциядағы Канн фестивалінде және Испаниядағы Азия киносы фестивалінде көрсетілді.

Сондай-ақ еліміздің киелі орындары жайлы әңгімелейтін ғылыми-деректі фильмдер түсіру қолға алынды. Бүгінде «Қазақстанның қасиетті географиясы» фильмдер циклы, «Алтын адам» және «Қожа Ахмет Яссауи және Айша бибі кесенесі» атты ғылыми-көпшілік



«Алмас қылыш» фильмі

Әсіресе, ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұрасы тізіміне мәдени мұраларды енгізу жөнінде министрлік тарапынан біраз жұмыс атқарылды. 2014 жылға дейін бұл тізімде Қожа Ахмет Яссауи кесенесі мен Тамғалы тас петроглифтері ғана бар еді. 2014 жылдан бастап министрлік бұл бағыттағы жұмысты жаңалап, ЮНЕСКО



«28 панфиловшылар» фильмі

тізіміне Ұлы Жібек жолындағы Жетісу бөлігінің 8 нысаны (Талғар, Қойлық, Қарамерген, Ақтөбе, Өрнек, Құлан, Қостөбе, Ақиртас) тізімге енгізілді. Ұлы Жібек жолының Сырдария

МӘДЕНИ САЛАДАҒЫ ЖАҢА ЗАҢДАР

Мәдени саясат тұжырымдамасын жемісті жүзеге асыру үшін мәдени саланы реттейтін заңнамаға да өзгеріс-жаңалықтар енгізу қажет. Осы орайда «Мемлекет басшысының бағдарламалық құжаттарын басшылыққа ала отырып, соңғы өзгерістер мен тенденцияларды ескеру барысында соңғы үш жылда саладағы заң шығарушылыққа екі рет өзгерістер мен толықтырулар енгізілді», — делі өз сөзінде мәдениет министрі.

Айталық, 2015 жылғы «Мәдениет мәдениет саласындағы барлық бағыттар бойынша Көркемдік кеңестерді құру, материалдық емес құндылықтарды қорғау, монументалдық өнер құрылыстарын орнату, тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалануға беру, оларды ғылыми реставрациялау мәселелері реттелді. Заңға бағынышты 18 акті, соның ішінде мұражай экспонаттарын есепке алу және сақтау, кітапхана қорын есепке алу және сақтау сияқты т.б. көптеген маңызды қаржы қабылданды. Бұл аса нұсқалық. Себебі осы кезге дейін мәдени мекемелер кеңестік нормативтер мен ережелерге сүйенді. Бұдан басқа, әлеуметтік маңызы бар әдебиет үшін қаламақы төлеу мүмкіндігі қарастырылды.

Бүгінде министрлік тарапынан

тарихы, мәдениеті мен салт-дәстүрі, атакты тұлғалар мен қазіргі заманның кейіпкерлері туралы фильмдер түсіруге бағытталды», — делі Арыстанбек Мұхамедиұлы.

Режиссер А.Шальепаның бірлесіп түсірген «28 панфиловшылар» картинасы — соның жарқын үлгісі. Ел бюджетіне онша салмақ түсірмеген осы фильм iTunes-те ең көп сатылған, әрі Бүкілресейлік қоғамдық пікірді зерттеу орталығының қорытындысы бойынша «2016 жылғы ең үздік» фильм болды.

Министр 2015-2016 жылғы қаржы лағдарысына қарамастан, режиссер Рүстем Әбдірашевтің «Алмас қылыш» тарихи кинопопесы түсіріліп, отандық және шетелдік көрерменнің көңілінен шыққанын




Астана «Ұлттық мұражай»

жеткізді. Бұл фильмді кинотеатрлардың көбі қолайсыз уақытта көрсеткенмен, көрерменнің қызығушылығы аса жоғары болғаны шындық. 2,5 мыңнан астам киносеанстың 60 пайыздан астамы қазақ тілінде көрсетілгені де — зор жетістік. Министрлік алдағы кезде Франция, Ресей, Жапония тәжірибесіне сүйеніп, жаңа заңда арнайы нормалар енгізбекші. Оған сәйкес, елдегі кинотеатрлар прокатында ұлттық киноларға басымдық беру жағы қарастырылады.

СӨЗ СОҢЫНДА

Қай кезде де мәдениет — мемлекетті дамытудағы маңызды басымдықтың бірі. Мәдени саясат саласында әртүрлі жолдар мен тәсілдер бар және әрбір дамыған мемлекет қазіргі тарихи-мәдени тәжірибесіне, объективті саяси және экономикалық артықшылықтарға негізделетін өзінің бірегей стратегиясын басшылыққа алады. Осы қағиданы берік ұстанған мәдениет министрілігі Мәдени саясат тұжырымдамасын жемісті жүзеге асыруын жалғастырады. Өйткені мәдениеті дамыған ел өркениет көшінен қалмайды.

Жібек ҚУАНДЫҚОВА



Нәтиже

Қай сала болмасын Алматы облысының айдарынан жел есіп келеді. Экономика, ауыл шаруашылығын былай қойғанда, спорттық салада да ілгерілеу басым. Ел ішіндегі додаларды есепке алмағанда, халықаралық бәсекеде Жетісу жерінің намысы артып, спортшыларымыз атой салып жүр. Осы жайында егжей-тегжейді білу үшін облыстық және дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысы Тұратбек Шарәпиевке жолығып, атқарылған және жоспарланған жұмыс барысымен танысып қайтқан едік.

Оның айтуынша, бүгінде облыс спортшылары республиканың алдына шықпаса, төменгі сатыға түскен емес. Жыл басынан бері облыс спортшылары 809 медальді қоржынымызға тоғытып, Жетісудың намысын қорғап келді. Оның 305-і алтын, 259-ы күміс, 245-і

Міне, сол ойыннан жарыс өтіп, Алматы облысының командасы Алматы қаласының командасымен сыңға түсті. Екі команда да ойынға нәр беріп, нәтижесінде тең ойынмен таркасты. Міне, осылай көнеден келе жатқан ойынды насихаттау арқылы жастарымын санасына ата-бабаның аманатын дәріптеп, шөгеннің ауқымын кеңейтті. Сонымен қатар жергілікті чемпиондардың жетістігін паш ете отырып, «Айналайын» балалар үйінің тәрбиеленушілеріне ашық сабақ өткізілді. Спорттың бірнеше түрін өз көзімен көрген балғындар,



СПОРТТАҒЫ ЖЕҢІСІМІЗ ЕСЕЛЕНЕ ТҮСТІ

кола медаль. Осы уақыт аралығында 1 еңбегі сіңген спорт шебері, 14 халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 94 спорт шебері, 488 спорт шеберлігіне үміткер және 242 бірінші дәрежелі спортшы дайындалды. Сондай-ақ ұлттық құрама сапына 44 спорт түрі бойынша, 875 спортшы енді. Бұл есеп осымен тоқтап қалмайды. Жыл соңына дейін талай бәсеке бар. Сол сында біздің спортшылар бұл жұлде санын арттырады деген сенім мол.

Биыл Қазақстанның Ұлттық құрама командасының сапына 44 спорт түрі бойынша Алматы облысының 875 спортшысы кірді. Мемлекет басшысының бұқаралық спортпен шұғылданушы халықтың санын 30 пайызға дейін жеткізу туралы міндетін орындау мақсатында облыстың барлық ауданы мен қаласында дербес дене тәрбиесі мен спорт бөлімдері қызмет атқаруда. Ауылдық округ әкімдіктерінің аппараттарында 253 спорт бойынша әдіскер-нұсқаушы беріліп, қазіргі уақытта олар барлық ауылдық округте



түрлі спорттық үйірмеге жазылып, жасөспірімдерді спортқа тарту жағы да жолға қойылыпты. Өкінішке қарай, өткен жылы «Жетісу» футбол командасы премьер-лига сапынан түсіп қалған болатын. Осыған орай, облыс әкімінің қолдауымен командаға жанаша көңіл аударылып, командаға бас бапкер етіп, білікті жаттықтырушы Д.Огайлы алғызып, жаңа команда

волейбол мен футболдан «Жетісу», баскетболдан «Қапшағай», ұлттық спорт түрлерінен кәсіпқой клубтар жұмыс жасайды. Жамбыл, Панфилов және Еңбекшіқазақ аудандарында дене шынықтыру-сауықтыру кешендері, Кербұлақ ауданының спорт мектебі үшін стадионы бар спорттық база, Райымбек ауданының Нарынқол ауылында футбол алаңы, көгалды хоккейге арналған 1140 орынға арналған тұғыры бар стадион, «Өркен» спорт кешенінің күрес залы, Талдықорған қаласында стендтік ату базасы, Жамбыл ауданының Қаракестек ауылында футбол алаңы салынды. «Жетісу» стадионының қосалқы алаңы, жасанды төсеніші бар футбол алаңын қайта құру жұмысы аяқталды. Талғар, Қаскелең қалаларында, Райымбек ауданының Кеген ауылында дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы жүргізілуде. Қаратал ауданының Үштөбе қаласындағы спорт мектебінде, Көксу ауданы Балпық би кентіндегі орталық стадионға қайта құру жұмыстары атқарылуда. Мемлекеттік жеке әріптестік аясында Алакөл ауданының Үшарал қаласында дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы жоспарлануда. Жетісу халқы үшін сүйінші сұрайтын жаналық. Неге десеніз, келер жылдың басынан бастап Талдықорған қаласында теңдесі жоқ жүзу бассейні

Бәрекелді!

Еліміз өз алдына дербес мемлекет болып тәуелсіздігімізге қол жеткізген соң спорт саласын дамыту қолға алына бастады. Бұған жыл ара қабылданып отыратын дене шынықтыру мен спортты дамытудың арнайы бағдарламасы да өз септігін тигізіп отыр. Қазіргі уақытта аталған бағдарламаның 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы жүзеге асырылуда. Онда балалар мен жасөспірімдердің спортпен және дене тәрбиесімен шұғылданыуына көп көңіл бөлініп, оларға арналған спорт мектептері мен үйірмелері көптеп ашылуы айтылған. Солардың бірі – Көкшетаудағы балалар мен жасөспірімдердің ұлттық спорт мектебі.

Ұлттық спортты жаңғырту мақсатында ашылған мектеп ең алғашқыда «Дәстүр және өнер мектебі» деп аталған еді. Кейін араға сегіз жыл уақыт салып, 1999 жылы ол балалар мен жасөспірімдерге арналған ұлттық спорт мектебі деп өзгертілді. Мұнда қазіргі таңда бөйге, тоғызқұмалақ, жамбы ату, көкпар, қазақ күресі, аударыспақ, білектесу, асық ату секілді ұлттық спорт түрлерінен 30-дан астам бапкер жас спортшыларды баулып, тәрбиелеуде. Бұрабай, Еңбекшілдер, Ерейментау, Зеренді, Сандықтау, Целиноград аудандарында мектептің филиалдары жұмыс істеп, жасөспірімдерлі ұлттық спорт түрлерінен жаттықтыруда. Жалпы, облыс бойынша мектеп пен оның филиалдарында 716 оқушы тәлім алып жатыр.

Балаларға арналған жамбы ату, бөйге, көкпар, аударыспақ ойындарынан оқу-жаттығу сабақтары, облыстық және республикалық деңгейдегі жарыстар Көкшетау қаласының іргесінде орналасқан Краснояр селосының маңындағы ипподромда өткізіледі. Мектеп «Ұлттық спорт түрлерінің қауымдастығымен» бірлесіп, көкпардан республикалық және халықаралық, Азия чемпионаттарын, құсбегілердің халықаралық бірінші және екінші фестивалін, тазылар мен тобеттердің халықаралық көрмесін өткізіп тұрады. Осы орайда, облыстық көкпар құрама командасының Қазақстанның үздік үштігіне енгенін, үш мәрте күміс жүлдегер атанғанын айтуға болар еді. Бұл мақтануға тұрарлық жай.

Ұлттық спорт мектебінің жаттықтырушылары да түрлі сайыстар мен жарыстарға қатысып, биік нәтижелерге қол жеткізіп, өз шәкірттеріне үлгі-өнеге көрсетуде. Олардың қатарында жамбы атудан Айболат Естай, көкпардан – Ерғали Тоқабаев, аударыспақтан



«Қолжетімді әрі сапалы инфрақұрылымның болуы спорттық көрсетілетін қызметтер нарығының толыққанды жұмысының ең маңызды шарты, дене шынықтыру мен спорттық көрсетілетін қызметтер нарығы ретінде спорт индустриясын ілгерілетудің аса маңызды факторы болып табылады.

Әр адамға өз қажеттіліктеріне сәйкес дене шынықтыру мен спорт инфрақұрылымының артықшылығын пайдалануға мүмкіндік жасау»

(Қазақстан Республикасында Дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасынан)

ойынынан Азия чемпионатының күміс жүлдегері атанған Алтынкесер Шешханды атап өткім келіп отыр, — дейді ұлттық спорт мектебінің директоры Марат Қойшин.

Ұлттық спорттың білектесу түріне 40 шақты оқушы қатысады. Олармен оқу-жаттығу жұмыстарын жоғарыда атап айтқанымыздай, әлем чемпионатының күміс және қола жүлдегері Илья Ильин өткізеді. Оның шәкірттері республикалық және халықаралық сайыстарда облыс намысын қорғап, өз биіктерін бағындыруда. Араларында әлем чемпионатының жүлдегерлері — Данил Борисов, Азия чемпионатының күміс және

ҰЛТТЫҚ СПОРТ ДАМУ ҮСТІНДЕ



«Ұлттық ат спорты жарыстарын жоғары деңгейде ұйымдастырып өткізуге жағдай жасалуда. Барлық облыстар мен Астана және Алматы қалаларында стандартты ипподромдар салынды.

Спорт және дене шынықтыру саласын дамытудың әлемдік тәжірибесі бұқаралық дене шынықтыру-спорт қозғалысын тиімді дамытудың нәтижесінде спортшылар Олимпиада ойындары мен халықаралық жарыстарда жоғары жетістіктерге қол жеткізетінін көрсетеді»

(Қазақстан Республикасында Дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасынан)



волейбол, футбол, баскетбол және тағы басқа спорт түрі бойынша секциялар жүргізуде.

Айта кетерлігі, облыс спортшылары тек өз саласында ғана емес, еліміздің бүгінгі қоғамында атқарылып жатқан бастамаларға да үн қосып, демеп келеді. Елбасының «Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласына спортшылар да үлес қосып, жаңғырту жұмысы қарқынды өтуде. Кейбіреулер «Спортқа рухани жаңғырудың қандай қатысы бар? — деп ойлауы мүмкін. Нағыз рухани жаңғыру спорт саласында болады. Мысалға ұлттық спортымызды дәріптеуде Алматы облысы көп еңбек етіп келеді. Оның ішінде ұмытылып кеткен атадан балаға мирас болған спорттық ойындарымыз көп. Соның бірі — бүркітшілер жарысы. Қазіргі таңда құсбегімен айналысатын адамдардың басым көпшілігі осы Алматы облысында. Қазақстанның құрама командасын Жетісу жерінің спортшылары құрап отыр десем артық айтпағаным. Мұнымен қоса, тазы жүгірту, тоғызқұмалақ, көкпар, ұлттық ат спорты өңірде жақсы дамыған.

Тағы бір айта кететін жаналық. Жуырда Талғар ауданында көшпенділердің ойыны саналатын шөген ойынынан жарыс ұйымдастырдық. Әлемде поло атауымен әйгіленген ойынның негізгі шығу тегі осы біздің бабалардан қалған. Ол жайлы мағлұмат ғұлама тарихшыларымыздың ғылыми еңбектерінде көп айтылады.

жасақтады. Алдына нақты тапсырма қойып, бірінші лигада жеңімпаз атану тапсырылды. Футболшылар бұл істі тыңғылықты орындап, мезгілінен бұрын чемпион атанды. Келер жылы премьер-лига сапында қайта доп тебеді. Сонымен қатар



әйелдер арасында «Жетісу» волейбол командасы да алтын тұғырдан түсіп қалған еді. Ол командаға да бас бапкер етіп В.Шапранды шақыртты. Бүгінде құрамды толық жаңартып, жаңа маусымға тас-түйін дайын.

Кейде спорттың өрлеуі мен құлдырауы спорттық нысандармен де енішлесіп жатады. Облыста көгалдағы хоккейден «Бесарыс», регбиден «Олимп», кол добынан «Іле»,

бой көтермек. Ол барлық олимпиадалық стандартқа сай болады. Екі жүзу бассейні және екі суға секіру тұғыры (трамплин) болады. Оның сыртында жеңіл атлетикаға арналған жабық манеж де салынбақ. Аталған екі нысан әлемдік жарыстарды өткізуге толық сай келеді. Бұл өңір спортшыларының жігерін жанып, намысын ерлетті. Осыдан кейін жүлдегерлердің қатары да арта түскені байқалды. Бұл қатарда, ең әуелі, Парижде

күрестен өткен әлем чемпионатында күміс медальді жеңіп алған Демеу Жадырасовты айтуға болады. Одан кейін біздің регбиші қыздарымызды коссам артық болмас. Олар Парижде өткен халықаралық турнирде үшінші орынды алды. Ұлттық спорттан «Қазақстан барысы» турнирінде Ұлан Рысқұл күміске қол жеткізді. Бүкіләлемдік жазғы универсиада ойындарында Альберт Линдер алтынан алқа тақса, Карина Горичева күмісті еншіледі. Самбошы Динара Жұмабаеваның да айы оңынан туды және ерекше атап өтетін тағы бір спорт түрі садақшылар. Олар шетелде өткен дүбірлі додалан уыстан жұлде әкеп жүр.

Бір жақсысы, облыс әкімі Амандық Баталовтың спортшыларға деген қолдауы мол. Соның арқасында спортшыларды ынталандыру жұмысы барынша жүргізіліп

келеді. Таланттарымыз бен жеңімпаздарымызды облыс әкімінің өкімімен республикалық және халықаралық жарыста жоғары нәтижеге қол жеткізген 72 үздік спортшыға, 31 мүгедек-спортшыға 30 мыңнан 300 мыңға дейін облыс әкімінің ай сайынғы сыйақысы төленеді.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

қола жүлдегерлері — Олег Сазонов, Денис Лукашук, Олег Пивнев, Павел Новиков, Иван Шудель, Дмитрий Хазов, Диана Ишанова, Руслан Исмаилов, Андрей Хан, Дмитрий Тюков сияқты жас спортшылар бар.

Ұлттық спорт мектебіне келетін балалар спорт түрлеріне байланысты жас ерекшеліктері бойынша қабылданады. Мәселен, балаларды бөйгеге 10-12 жастан, көкпарға 12 жастан, жамбы атуға 10 жастан бастап қабылдайды. Тоғызқұмалақ, құсбегілік, көкпар ойындарына кішкентай балалар алынбайды. Оқушылар оқу-жаттығу топтарында 4 жыл оқиды. Оны тәмамдаған соң, егер олардың жетістіктері болса, спортты жетілдіру тобына ауыстырылады.

Ұлттық спорт мектебінде жасөспірімдер, жастар мен ересектер арасында ұйымдастырылатын Қазақстан



Республикасының чемпионаттары өткізіліп тұрады. Бір жылда әр спорт түрінен республикалық деңгейдегі 3 чемпионат ұйымдастырылады.

51 шақырым қашықтық бойынша аламан бөйгеден «Алтын тұлпар» IV республикалық турнирі Целиноград ауданы Қабанбай батыр ауылының аумағында өткізілді. Әрбір республикалық деңгейдегі жарысқа үзбей қатысуға тырысады. Өйткені, шәкірттерінің шеберліктері сондай аламан додала шыңдалып, мығымдала түседі. Мәселен, көкпарға 12 спортшы, аударыспаққа 5 түрлі салмақ дәрежелері бойынша 5 спортшы, жамбы атуға 1-2, қазақ күресіне 7-8, тоғызқұмалақ пен асық атуға 3 ер бала және 3 қыз бала, бөйгеге 1 шабандоздан қатысады.

Сонымен қатар жуырда ұлттық спорт түрлерінен облыстық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебіне Балуан Шолақ бабамыздың аты берілді. Бұл да ел тәуелсіздігінің арқасында қол жеткізіліп отырған жақсылық. Алдағы уақытта Ақмола өңірінің талапты да талантты жастары ұлттық спортқа бет бұрып, биіктен көрінсе екен дейміз.

Байкал БАЙӘДІЛОВ,
Ақмола облысы





АА, ӘЙТНЕСЕ!

Рәзия апай туралы хабарды ел ағасы Сансызбай Мұқитановтан естіп едім. Шанырағына бас сұғыпты. Хал-ахуалын білген. Тұрмыс-тіршілігімен танысқан. — Апырым-ай, — деген

Сансызбай аға, — ұлт мақтанышы Қажымұқан ағамыздың немересі жатақхананың жалғыз бөлмесінде күн кешіп жатыр екен. Аядай жерде алты адам тұрады.

Ағаның көкірегіңдегі өкініш енді біздің кеудеге көшкенбіз. Екі-үш кітапты айналдыра қарап, ұстап отыр екен. Бәрі қазақ халқының тарихындағы тұңғыш кәсіпқой палуан Қажымұқан атасы жайындағы жинақтар. Көнелеу



— Омбы өңірін жайладық, — дейді апай, — мен бүкіл ғұмыр бойы денсаулық сақтау саласында қызмет еттім. Фельдшер-акушер болдым. Омбы да атамның жайлаған жері. Орыс-қазағы түгел сыйлайтын. Өзіміздің адал еңбегімізді әрі ең негізгісі, дүниежүзіне аты жайылған қазақтың қайтпас қайсар перзенті Қажымұқан атамның аруағын. Сол 1940 жылы келген сапарында әкеміз екеуімізге үй өңіріп кетті. Кейін онтүстікте жүргенде Қыпшақтың Мінәйім деген қызына үйленгенін білесіңдер. Жетпістен асқан шағында атам тағы бір рет шанырақ көтерген. Өзі тәрізді жасы келген адамның қызы екен. Аты Бибіжан. Қажы атамның қажып жүргенін көрген әлгі аксақал бойжеткен қызын арбаға өзі көтеріп салып беріпті де, «мына кісіні күтетін бол» депті. Міне, халықтың ықыласы.

Қазір бауырлары Оңтүстік Қазақстан өңірінде тұрып жатыр. Қатынасып тұрады. Үнемі жол түсе бермесе де, телефон арқылы. Рәзия апайдың жолдасы Хамзе Сәрсенов мұғалім болған кісі екен. Мектеп директоры, аудандық оқу бөлімінің бастығы болып қызмет істепті. Өмірге алты перзент әкелген. Шабдан, Жанайдар, Фарида, Рәзия, Құлымбет, Әлихан. Осы алтауынан қалған Фарида екеуі ғана. Фарида қазір Омбыда тұрады.

Қажымұқан ағамыз 1909 жылы Надежда Николаевна Чепковскаяға үйленеді. Мұсылман дініне енген

Балуанның немересі жатақхана жағалап жүр

болса керек. Сол жерге өттік. Алдында телефон арқылы тілдескенбіз. Екі-үш кітапты айналдыра қарап, ұстап отыр екен. Бәрі қазақ халқының тарихындағы тұңғыш кәсіпқой палуан Қажымұқан атасы жайындағы жинақтар. Көнелеу

әкемізге қазақша Бәтима деген есім беріледі. Әкеміздің өзі жас кезінде цирк әртісі болған. Ат құлағында ойнаған спортшы. Осы Бәтима апайдан 1910 жылы Қажымұқанның ұлы Халиолла туады. Халиолла 16 жасқа толғанда Шәпен атты қызға үйлендіріп, жеке отау болып шыққан.

Арыдағы тарихтан шым-шымдап сыр сыұртпақтағанда, тілге оралғаны осы. Ал Қажымұқан ағамыздың ғұмырбаянын оқырман қауым жақсы біледі. Сондықтан, оны түгел таратып айтудың реті жоқ. Біздің айтағымыз бүгінгісі. Батыр ұрпағының қазіргі тыныс-тіршілігі. Қарттар айлығы да аяқталды.

— Апай, қарттар айлығында келіп құттықтап, жағдайыңызды біліп тұратын шығар? — деп сұрадық біз.

Әлемі, ақ сары жүзі іштегі өкініштің ыстық лебімен алаулаған апайдың жүзі сәл күреніпкендей. Бірақ тіс жарып өкпесін айтпады. Бұл жайында, тіпті ләм-мим демеді. Қайдан айтсын, батырдың тұяғы емес пе?!

Қазір осы ат айналғысыз, аядай бөлмеде жиен немерелерімен тұрып жатыр. Немерелері жоғары оқу орындарында білім алуда. «Жас өспей ме,

жарлы байымай ма?» дейді біздің қазақ. Күні ертең ат жалын тартып мініп, азамат болып кетеріне титтей күмән жоқ. Аталарына тартса, қол-аяқты шырмаған қиындық атаулыны бұзып-жарып, қатарға қосыларына көңіл сенімді.

— Осыдан 12 жыл бұрын пәтер кезегіне тұрып едім. Қазір сол кезекте үш мыңның үстінде адам бар ғой деймін, — дейді апай, — кезегіміз келгенше біз тосармыз-ау, жаратқан ие тоса қойса. Жасыратыны жоқ, олай-бұлай болып кетсек жұрттан ұят-ау, тіпті.

Қайран қазақтың көне көздері-ай, тірі жүргендегі ғана емес, одан кейінгі де ұятын ойлайтын ғажап мінездерін-ай. Батыр ағамыздың бір белгісіндей ортамызда жүрген Рәзия апайдың шаңырағынан шығып бара жатып, табалдырық кезінде тұрып ойлады. Осы қазақтың кәсіпкерлері қайда екен? Әншейінде Қажымұқан тәрізді ұлт алыптарын айтып, көкірегімізді соғып, қаздай шулатқанда сөзге қонақ бермейміз. Ал, енді осындайда біреуі емес, бірнешеуі қосылып, асылдың сынығын жерге қаратып қоймай, бір баспанаға қолын жеткізіп жіберсе, елдігіміз көрінбес пе еді.

Далада қоныр күздің қара суығы ұйытқи соғып тұр екен. Денем тітіркеніп кетті. Күзгі қара суықтан ба, жоқ, әлде қазақтың хас батырынан қалған жұрағаттың жайынан ба?!. Тап сол арада, сол күйді өзім де айыра алмадым.

Байкал БАЙӘДІЛОВ

СПОРТ

Тәуелсіздік күні мерекесі қарсаңында Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы Қарасу елді мекенінде тамаша спорт кешені пайдалануға берілді. «Рауан» деп аталған спорт кешенінің ашылу салтанатында Сайрам ауданының әкімі Бақтияр Мамаев жергілікті тұрғындарға қуаныш сыйлаған әрі жанашырлық танытқан кәсіпкер Байсейіт Жамалбеков ризашылығын білдіріп, спорт кешенінде жаттыққан өрендер арасынан чампиад ел ағалары мен ардагерлер және аудандық мәслихат депутаттары да құттықтау сөз сөйледі.

Құрылысы 2016 жылы басталған нысанды тұрғызуға 30 миллион теңгеден астам қаржы жұмсалған. Кешенде үстел теннисі, футбол және бильярдпен жылдың төрт мезгілінде де шұғылдануға мүмкіндік бар. Сонымен қатар денсаулықты нығайтатын құрал-жабдықтармен қамтылған жаттығу залы да қызмет көрсетуге әзір. Ел алғысын алған кәсіпкер әрбір азамат туған жерінде жұртқа пайдалы жұмыс істеу керек екенін айтты.

Б.Жамалбеков «Құрылысты былтыр бастап, биыл Тәуелсіздік күні қарсаңында ел игілігіне ұсынудың сәті түсіп отыр. Спорт кешенінде келушілерге барлық жағдай жасалған. Зейнеткерлер мен әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылардың балаларына жеңілдіктер бар. Жастар спортпен шынықсын, жаман әдеттерден аулақ болсын. Басты мақсатымыз — осы», — дейді.



Ауыл спортына әр кірді



Қарасулықтар бүгінде әр күнін спортпен айналысумен өткізіп келеді. Бұған әсіресе, жас спортшылар дән риза. Салауатты өмір салтын ұстанған ауыл тұрғындары енді аудандық, облыстық, республикалық байрақты бәсекелерге қатысамыз деп қолдарын ысқылап отыр.

Сабырбек ДӘНІҚҰЛЫ, Оңтүстік Қазақстан облысы

КӨРСЕТКІШ

Жаһандық рейтингтегі жаңа белес

Әл Фараби атындағы ҚазҰУ әлемдік білім кеңістігіндегі жоғары бәсекеге қабілеттілігін кезекті рет дәлелдеді. Беделді Round University Ranking (RUR) рейтингтік агенттігінің мәліметтері бойынша, Қазақстан пәндік рейтингтен алғаш рет көрінуде. Сондай-ақ оған енген жалғыз университет — Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті болып отыр.

ҚазҰУ әлемнің 761 жетекші жоғары оқу орны арасында гуманитарлық ғылымдар бойынша 448-орын, медициналық және жаратылыстану ғылымдары бойынша, сәйкесінше, 411 және 563-позицияларға ие болды. RUR рейтингі 6 пән саласы бойынша үздік университеттерді бағалау жүйесі ретінде құрылған: гуманитарлық, жаратылыстану, техникалық, қоғамдық, биологиялық және медициналық ғылымдар. RUR рейтингіне ЖОО мәліметтерін халықаралық Thomson Reuters компаниясы деректерді арнайы зерттеу — Global Institutional Profiles Project (GIPP) арқылы ұсынады. Сауалнама жыл сайын жүргізіледі және әлем бойынша 850-ге жуық жетекші университетті қамтиды.



Қазақстандық жоғары оқу орнының тағы бір танымал жаһандық UI Green Metric Ranking of World Universities — 2017 рейтингіндегі көшбасшылық орны нығая түсті. Аталған рейтингте 13 позицияға ілгерілеп, ҚазҰУ 186-орынға көтерілді және әлемнің 200-топ «жасыл» университеті қатарына кірген отандық жалғыз оқу орны болып қала береді.

ҚҰЛАҚҚАҒЫС

ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ЖОЛЫ КЕСІЛЕДІ



Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Керемет» жастар ресурстық орталығының «Азаматтық бақылау» әлеуметтік жабысы аясында қоғамдық қабайлау ашылды. Кез келген азамат мемлекеттік билік мекемесімен жергілікті өзін-өзі басқару мекемелерінің лауазымды тұлғалары тарапынан жемқорлық дерегіне тап болса, сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсетуді, соның ішінде құжатты рәсімдеу кезінде лауазымды тұлға тарапынан қандай да бір кедергіге тап болса «Қоғамдық қабылдаудың» көмегіне жүгінесе болады.

Ал «Қоғамдық бақылауға» түскен сыбайлас жемқорлық туралы ақпарат құқық қорғау мекемелеріне жіберіледі. Оған «Қоғамдық бақылау» қызметкерлері жауапты болып, шағымданған әрбір азаматқа қолдау көрсетіледі. Сондай-ақ ақпарат көздері мен оны жіберген азаматтардың аты-жөні құпия түрде сақталынады. Уақыты тапшы азамат арызын электрондық түрде жөнелте алады. Ол үшін хатты жеке қауіпсіздік бөлімшесінің obshchestvo.priem@gmail.com. электрондық мекен-жайына жолдауына болады.

Ұлжалғас БОРАНБАЙ

Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ
Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Салтанат ШЫРЫНХАН —
арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС —
жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА —
терімші

Айдоқ ҚҰСАЙЫНҰЛЫ —
web-caim

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкал БАЙӘДІЛОВ — Ақмола және
Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Дүйсенбек АЙБЕКОВ — Жамбыл облысы (8 705 227 45 16)

Баян ЖАНҰЗАҚОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Салтанат ШЫРЫНХАН

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары
Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050004, Алматы қаласы, Абылай хан, 51/53, 6-қабат (М.Мақатаев көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 279-04-99; 279-09-19
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 279-09-23 (жарнама бөлімі)

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген.
Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет «Дәуір» ЖШС РПІК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2143;
Бағасы келісім бойынша
Айлық таралымы — 52 000 дана

www.jasqazaq.kz
E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуекомпанияларының ұшақтарында бар.